Қазақстанның оңтүстігінде ортағасырларда ірі мәдени, экономикалық, ғылыми орталыққа айналған бірнеше қалалар мен қалашықтар болған, олар қазіргі таңда үйінді төбелерге айналып кеткен. Солардың бірі Отырар, Көкмардан, Құйрықтөбе, Алтынтөбе, Пұшықмардан, Қыркескен қазбаларынан табылған заттарда, саз балшықтан күйдірілген, тастан қашалған, металдан соғылған, ағаштан, сүйектен жасалған заттарда, еңбек құралдарында уақыт, замана, ұрпақтар байланыстарын айқындай түсетін жәйттер кездесіп отырады. Жоғарыда аталған заттардан басқа жүннен жасалған бұйымдарды да кеңінен қолданылғаны туралы ортағасыр деректерінде көп жазылған, бірақ оларға байланысты заттай сақталғандары өте аз.

IX-XIV ғғ. ортағасырлардағы араб-парсы деректерінде қыпшақтардың мәдениеті туралы айтылады. Ортағасыр авторларының бірі Ал-Йакуби «Китаб ал булдан»

деген шығармасында «оғыз, қыпшақ, қаңлы, түріктер жүннен жасалған бұйымдарды жасауда ең шебер халық, олардың киімдері де содан тоқылған», - деп жазады. XI-XVI ғғ. зерттеушілері де өз еңбектерінде жүннен жасалған бұйымдардың Қазақстанның ортағасырлық қалаларында кең пайдаланылғаны туралы және Сырдария өзенінің бойындағы қалаларда түйе жүнінен киім тоқыған және ол сауданың көзі болғаны туралы жазады. Бұл туралы деректер XIII ғасыр тарихшысы Несеви, Итальян жазушысы Павел Йови Новокомский (XVIғ.), тарихшы Матвей Меховский деректерінде жазылған [1].

Халықтың мәдениетін, тұрмысын көрсететін ою-өрнек түрлерінің бірнеше атаулары бар. Қазақ халқында ою-өрнек түрлерін негізінде төрт түрге бөлуге болады. Олар космогониялық, зооморфтық, өсімдік тектес, геометриялық үлгіде болып келеді.

Этнография археологиямен табиғи байланысып жатады, археологиялық және этнографиялық заттардағы ою-өрнектерді салыстырып зерттеу арқылы халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы туралы мол мағлұмат ала аламыз. Ең ежелгі өрнектер космогониялық өрнек болып табылады. Олар күн көзі, күн сәулесі, шыққан күн, ай гүл, айшық гүл. Бұл өрнектер саз балшықтан жасалған заттарда және архитектуралық декорда кездеседі. Мысалы: ежелгі Отырар қаласының орнынан табылған саз балшықтан жасалған ыдыс қақпақтарында, құмыраларда, көзелерде, қыш тағандарда және Қазақстанның әр өңірінен табылған құлпытастарда көп кездеседі. Ежелгі және ортағасырлық Отырар, Көкмардан, Алтынтөбе, Ақтөбе т.б. қалалар мен қалашықтардың орнынан табылған заттар қазіргі таңда Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы Шәуілдір ауылында орналасқан Отырар мемлекеттік археологиялық қорық – музейінің қорында сақтаулы тұр. X-XI ғғ. тән көзенің мына бір түрі мойынынан төмен қарай айналдыра күн сәулесі деп аталатын космогониялық өрнек түсірілген. Космогониялық өрнек түсірілген заттың келесі түрі – ас ішетін ыдыс-аяқтардың әр түрлі көлемдегі қақпақтары.

Қазақ халқының ою-өрнектерінің келесі түрі зооморфтық өрнектер болып табылады, ежелгі мифологиямен және алғашқы қауымдық өнермен байланысты болды, олар жануар басы, мүйіз, құстың қанаты мен табаны бейнеленген өрнектер қазақ өрнегінің ең бастысы болды. Қазақтың халықтық қолөнерінде мүйіз тектес ою-өрнектер көп қолданылады. Мүйіз өрнегінің бірнеше түрі бар - қос мүйіз, төрт мүйіз, қошқар мүйіз, арқар мүйіз, марал мүйіз, бұғы мүйіз, сыңар мүйіз, сынық мүйіз, қырық мүйіз тағы басқа өрнектер белгілі бір мән-мағынаны білдіреді. Сондай-ақ зооморфтық ою-өрнектерге қатысты құлжа мойын, бұғы мойын, сияқты өрнектер жүннен

жасалған бұйымдарда көп кездеседі. Зооморфтық ою-өрнектің ең ежелгісі бота мойын деп аталады ол S – бейнелі латын әрпі секілді болып келген, бізге сақ дәуірінен бері белгілі. S-бейнелі өрнек жүннен жасалған бұйымдарда, әйелдер мен ерлер киімдерінде, ағаштан жасалған бұйымдар мен зергерлік бұйымдарда кездеседі. Түйе табан өрнегі де ежелгі өрнек атауына жатады, ол кілемнің ортасында кездеседі. Сондай-ақ кілемдерде түйе өркеш өрнегі көп кездеседі ол ирек болып келеді. Зооморфтық өрнектің ең кең тараған түрі – төрт құлақ деп аталады.

Отырар, Көкмардан, Құйрықтөбе, Қостөбе т.б. ежелгі қалалар мен қалашықтардың орнынан табылған саз балшықтан жасалған ыдыстарда құстың суреті бейнеленген, ыдыс қақпақтарының тұтқасы құстың басы, қораз басы, ит, жануар бейнесінде болып келген. Сондай-ақ металдан жасалған тұмаршаларда жануар бейнелері салынған, барыс, ат, қой, құс, ешкі бейнесі кездеседі.

Ыдыс қақпақтарының тұтқаларындағы жануар бейнелері көз тимеу үшін жасалған. Мысалы қошқар – Фарн құдайдың бейнесі, ол денсаулық кепілі, жаманшылықтан жебеп қорғаушы деген ұғымды береді. Қошқар бейнесі салынған қыш бұйымдар Сыр бойын оның ішінде Отырар төңірегін мекендеген тайпаларға тән [2]. Сондай-ақ ыдыс қақпақтарының жануар бейнесіндегі, қойдың, иттің, жылқының бейнесіндегі тұтқалар көз тимеу үшін жасалған жағы көп айтылады. Мысалы, Көкмарданнан табылған қақпақтың бірінің тұтқасы ақбөкен пішіндес, оның мүйізінің шипалық қасиеті бар және киелі жануар деп қастерлейтін болған,ол III-Vғғ. тән. Қақпақ тұтқасының келесі бір үлгісі XI-XII ғғ. тән Отырар төбеден табылған, төбесі қошқардың басы пішіндес болып келген, тұтқаның биіктігі- 4 см. Тұқтқаның тағы бір түрі Отырар төбеден табылған XI-XII ғғ. тән қораздың басы тәрізді болып келген. Қыш дастарханда – дөңгелек жозыларда тауықтың, көгершіннің, айдарлы құстардың суреттері бейнеленгендері де көптеп кездеседі. Жоғарыда аталған ыдыс өрнектерін талдасақ, қазақтың ою-өрнектерінің көптеген нақыштары келеді. Олардың әсемдігі, соғылу шеберлігі, нәзік өрнек үлгілері таң қалдырады.

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қорында жүннен жасалған бұйымдар - кілем, текемет, сырмақ, қоржын, ағаштан жасалған – кебеже, асадал, сықырлауық, кереует, сондай-ақ зергерлік бұйымдарда мүйіз өрнегі көптеп кездеседі. Музей қорындағы кілемнің мына бір түрі ортасына ірі-ірі қошқар мүйіз, шеттеріне айналдыра сыңар мүйіз өрнектері түсірілген. Келесі түрі арқар мүйіз, қошқар мүйіз оюлар өсімдік сипатты элементтер мен астаса келіп жарастық тапқан. Кілемнің тағы бір түрі бетіне төрт құлақ, сынық мүйіз өрнегі, ал екінші қатарына ақ отау, үшінші қатарына тұмарша өрнегі, қолтықшаларына тұмарша, сынық мүйіз өрнегі түсірілген,

ал шеттеріне төрт құлақ өрнегін жекежеке басып түсірілген.

Қолөнер үлгілерінің бірі текемет бетіндегі ою-өрнектер мына үлгіде болып келеді: ортасына тұтастай бір ғана өте ірі ою тармағын түсіру немесе екі немесе үш жерден ірі қошқар мүйіз өрнегі түсіріліп жиектеріне айналдыра сыңар мүйіз өрнектер немесе қос мүйіз өрнектер түсірілген түрі көп тараған. Қолөнер үлгілерінің бірі тұрмысымызға көрік берер сәнді бұйымдарымыз сырмақтың бетіне қошқар мүйіз, сыңар мүйіз өрнектер түсірілген түрі көп кездеседі. Сырмақ сыру өнері Қазақстанның барлық өңірінде кең тараған. Сырмақ бетіне мүйіз тектес өрнектер түсірілген түрі Оңтүстік Қазақстан, Семей, Талдықорған өңірлерінде кең тараған. Мысалы: Оңтүстік өңіріндегі сырмақ бетіне ірі-ірі төрт құлақ ою-өрнегі үш жерден түсіріліп оны айналдыра мүйіз өрнегі шеттеріне сыңар мүйіз өрнегі түсірілген. Сырмақтың келесі түрі бетіне екі немесе үш жерден ромб түсіріліп, оның ішіне төрт құлақ өрнегі шеттеріне айналдыра қос мүйіз өрнектері түсірілген түрі көп қолданылады. Талдықорғанда сырмақ бетіне төрт құлақ өрнегі, арқар мүйіз өрнегі түсірілген түрі көп кездеседі.

Қолөнер үлгілерінің бірі қоржынның музей қорында бірнеше үлгілері бар. Оның бетіне түсірілген ою-өрнектер де мүйіз тектес болып келеді кілем және терме алаша өрнектері тәрізді.

Зооморфтық ою-өрнек түсірілген бұйымның келесі түрі ағаштан жасалған кебежелер. Этнограф-ғалым Х.Арғынбаев өз еңбектерінде Алматы, Семей, Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Торғай өңірлеріндегі кебеже түрлеріне тоқталған. Кебеженің кескіні мен жасалу тәсілі барлық жерде бірдей әдіспен төрт қабырғасы, түбірі мен қақпағы, төрт қырлы төрт қазық арқылы біріктіріліп жасалынғанымен, кей аймақта қазықтар арқылы доғаланып, тік бұрышты болып иілген кәсек тәрізді жақтаулы әдіспен құрастырылып, екі көзді көші қонға лайықталып төрт құлақты үлгіде жасалынған.

Музей коллекцияларын, әдебиеттерді, ел арасынан жиналған деректерді салыстыра отырып жүргізген зерттеу негізінде кебежелердің кескіні бірдей болғанымен олардың ою-өрнектері әр өңірде әр түрлі болып келгені белгілі болды. Х.Арғынбаевтың зерттеулері бойынша Семей өңірінде кездесетін кебежелерде зооморфтық ою-өрнектер көп қолданылады, кебеже бетінің ортасына қошқар мүйіз, сыңар мүйіз, ұшқан құс бейнесіндегі оюлар түсірілген. Алматы облысында кездесетін кебеже бетінің ортасына сыңар мүйіз, қошқар мүйіз өрнектер түсірілген. Ағаш өңдеу өнері Отырар өңірінде де кең тараған. Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қорында бетіне зооморфтық ою-өрнек түсірілген кебеженің бірнеше түрі бар. Оларға тоқталатын болсақ, кебеженің мына бір түрі бетіне екі жерден ірі төрт құлақ

өрнегі түсірілген түрі, келесі түрі бетіне шеңбер ішіне қошқар мүйіз өрнегі түсірілген. Киіз үй есігі сықырлауықтың бетіне де ірі қошқар мүйіз өрнегі түсірілген, ал жақтаулары қошқар мүйіз өрнектерімен көркемделген. Мүйіз өрнегімен көркемделген бұйымның келесі түрі жүк аяқ, оның бетіне де қошқар мүйіз өрнегі түсірілген.

Халық қолөнерінде мүйіз тектес ою өрнектер көп қолданылатын бұйымдардың бірі зергерлік бұйымдар. Зергерлер металды әшекейлі бұйымдарды жасауға пайдаланып, оған түрлі үлгі, өрнектер, нақыштар салғанда мүйіздердің көркемдік элементтерінің жарастығын тауып, қисындырады [4]. Отырар мемлекеттік археологиялық қорық музейінің қорындағы зергерлік бұйымдар ішінде, жүзік, сырға, шолпы, шашбау, кемер белдіктер беттеріне де мүйіз тектес өрнектер көп қолданылады. Мысалы, білезіктің мына бір түрі ортасына төрт құлақ өрнегі, қос қапталына үш-үштен алты қос мүйіз өрнегі, екі басына да мүйіз өрнегі салынған. Зергерлік бұйымның келесі түрі жүзіктің де бетіне қошқар мүйіз өрнегі түсірілген.

Ою-өрнектердің келесі түрі геометриялық өрнектер, олар архитектуралық ескерткіштерде, кілемдерде, ағаш пен тастан қашалған заттарда көп кездеседі. Бұлар квадрат, ромб, төртбұрыш, үшбұрыш, алтыбұрыш, сегізбұрыш өрнектері. Мысалы, археологиялық саздан жасалған табақ, леген, кеселерде геометриялық өрнектер өте көп кездеседі. IX-XIII ғ.ғ. саздан жасалған жәдігерлерде геометриялық өрнек түрлері көп қолданылады. Кеселердің, тостағандардың, шұңғыл табақтардың бетіндегі өрнектердің сызықтары айқын, бояуы қанық болып келген. Мысалы, Отырардан табылған мына бір табақтың бетіне геометриялық өрнек үстіне көгеріс өрнек салынған. Ыдыстың сыртын өрнекпен толтыруға ден қойған. Суреттердің арасындағы бос жерлер нүктелермен, сызықтармен толықтырылған. Бір кездері саздан жасалған бұйымдарға, сүйекке, ағашқа түсірілген геометриялық үлгідегі ою-өрнектер келе-келе киізге, алаша, кілем, ағаштан жасалған үй жиһаздарына, зергерлік бұйымдарға салынатын болған. Ағаштан жасалған қолөнер бұйымдары – кебеже, сандық, киіз үйдің есігі сықырлауық, асадал т.б. бұйымдарда геометриялық өрнектер кең қолданылған. Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қорында бетіне геометриялық ою-өрнек түсірілген кебежелердің бірнеше түрі бар, оларға тоқталатын болсақ кебеженің мына бір түрі алты жерден ромб тәрізді геометриялық фигуралар жонылып және ирек өрнектері сүйектен ойылған, әрбір сүйек әшекейлердің беттеріне ортасында ноқаты бар шағын шеңберлер сызылған, оның айнала шеттеріне ирек су өрнектерін сүйектен ойып жасаған, оюлар кебеже бетіне күміс шегелермен шегеленген. Өлшемі: ұзындығы 47 см, ені 74см.

Сондай-ақ Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қорында геометриялық ою-өрнек түсірілген зергерлік бұйымдардың бірнеше түрі - шолпы, шашбау, білезік, жүзік, сырға т.б. сақтаулы.

Ою-өрнектің келесі түрі өсімдік тектес ою-өрнектер–олар ағаш гүл, алма гүл, масақ гүл т.б. Осы өрнек үлгілері археологиялық зерттеулерге қарағанда саздан жасалған жәдігерлерде - табақ, леген, кесе, құмыра, сапты аяқтарда, ағаштан жасалған бұйымдар, зергерлік бұйымдар мен металдан жасалған басқа да бұйымдарда көп кездеседі. Археолог-ғалымдар К.Акишев, К.М.Байпаков, Л.Б.Ерзакович өз еңбектерінде өсімдік тектес ою-өрнектер салынған заттардың түрлеріне көп тоқталады. Мысалы XV-XVI ғғ. ыдыстарға стильдендірілген көгеріс өрнектері етек жая бастады және табиғи жаратылыс көріністерін гүл, сабақша, анардың жемісін салу өрістеді [5]. Саздан жасалған заттарда көбінесе геометриялық өрнектер үстіне көгеріс өрнек салу тән болған. Өсімдік тектес ою-өрнектер металдан жасалған бұйымдарда көп кездеседі. Мысалы XIII-XIV ғғ. тән Отырардан табылған қола айналарда лотос гүлі салынған өсімдік тектес ою-өрнектер көп кездеседі, олар өсімдік тектес ою-өрнектермен бірге бейнеленген. XI-XIV ғғ. тән сырға, білезік, жүзіктерде де өсімдік тектес ою-өрнектер көп кездеседі. Жасампаз халқымыздың қолынан шыққан әшекейлі бұйым нақыштарына қарай отырып, халық шеберлерінің ою-өрнек өнерін өмір мүддесіне, тұрмыс қажетіне асқан зейінділік тәсілмен пайдаланғанын көреміз. Сондай-ақ өсімдік тектес ою-өрнектер келе-келе этнографиялық зергерлік бұйымдарда, ағаштан жасалған, жүннен жасалған бұйымдарда көп кездесе бастады. Бұл туралы этногаф-ғалымдар Ә.Тәжімұратов, Х.Арғынбаев, С.Қасиманов, Ө.Жәнібеков т.б. ғалымдардың еңбектерінде көп айтылады. Отырар өңіріндегі халық шеберлері түрлі бұйымдар жасауда өсімдік тектес ою-өрнектерді көп пайдалана бастады. Олардың жасаған көркем бұйымдары Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қорында сақтаулы. Мысалы, зергерлік бұйымдарды алатын болсақ шолпы, шашбау, сырға, жүзік, білезік, қапсырма, түйме, тана, кемер белбеулерде өсімдік тектес ою-өрнектер көп кездеседі. Өсімдік тектес ою-өрнектер түсірілген бұйымдарың келесі түрі жүннен жасалған бұйымдар кілем, қоржын, сырмақ болып табылады. Кілем тоқу өнері еліміздің оңтүстік өңірінде кең тараған, осы бір өнер түрінің кең өріс алып бай мазмұн мағынаға ие болып одан әрі дамып отырған жері еліміздің оңтүстік өңірі. Отырар өңірінде кілем тоқу өнері кең дамыған, халық шеберлерінің бұл өнер түрлері Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қорында сақтаулы. Олардың бетіне түгел үш гүл, қос гүл өрнектері түсірілген, мұндай өрнектер қоржын

беттеріне да түсірілген. Ал сырмақ сыру өнері еліміздің барлық өңірінде кең таралған, бетіне өсімдік тектес ою-өрнектер түсірілген сырмақтар Шығыс Қазақстанда көп кездеседі. Өсімдік тектес ою-өрнектер түсірілген бұйымның келесі түрі ағаштан жасалған кебеже, жүк аяқ, асадал болып табылады. Кебеженің бір үлгісі Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қорында сақтаулы, бетінің астынғы және үстінгі жақтауларының ортасына ала гүлді өрнек оның айнала шеттері ирек су өрнектерімен безендірілсе көздері яғни төртбұрышты табақшалары және олардың араларындағы шабақ беттері төрт үшкіл оның үстін баса қат-қабат түсірілген нүктелі шеңбер гүл табақ ою-өрнектерімен терең оймышталып көркемделген. Кебеженің келесі түрі, ортасына түгел өсімдік тектес гүл өрнегі түсірілген түрі. Музей қорында сақталған сүйекпен безендірілген кебеженің бетіне түсірілген ою-өрнек үлгілері мына үлгіде болып келеді: беткі жақтауларына айнала жиегіне нәзік ойылған майда төрт бұрышты және гүл тәріздес сүйек әшекейлері жүргізілген. Бетіне өсімдік тектес ою-өрнектер безендірілген үй іші жиһаздарының келесі түрі ағаш кереует оның бетіне жапырақ және көп жапырақты өрнектер түсірілген.

Этнографиялық зерттеудің дерек көзі болып табылатын өз еңбектерінде қазақ халқының салт-дәстүріне, ғылымына, мәдениетіне байланысты жазып қалдырған рухани бай мұралардың иегері Отырар өңірінде өмір сүрген Садуақас Жақашұлы, Балтабай Тебейұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Қызыл жырау Байжанұлы, Ергөбек Құттыбайұлы т.б. арқалы ақындармен ғұламалардың қолжазбалары, еңбектері аса құнды дерекнама болып табылады.

Некеге байланысты да бірнеше деректер жазған. Қазақтардың неке жөнінде келе жатқан салт-санасы бойынша бір ру өз ішінен қыз алыспайды және алысқан күнде жеті, он атадан асу керектігі, жайында жазады.

Қазақ салтында ұлдың немесе қыздың шешесі емізсе туыс болып есептеліп, бұларға неке жүрмейтін дейді және дін ислам шариғаты бойынша қыз 9 жас, бала 12 жасқа келгенде некелескен деп неке заңына тоқталады. Қазақ халқының өмірінде ойын-сауық үлкен орын алған, себебі бұл ойындар мереке мейрамдарда той, ас сияқты жиындарда ойналып күй шерту, ән тарту, билеу, өлең айтысу, дастан қисалар айтысу сияқты түрлері болған. Міне, ойын-сауық жайлы былай деп жазады, Ескі уақытта халықтың ең қадірлі ойын жасайтын тілекті күні айт күні, той істелінген күн болушы еді. Айт күндері бар киімін киіп, бар тамағын істеп, қыдырып сый көріп, жастар ойын ойнап, сауық сайран құратын.

Құда түсу дәстүрінің қазіргі кездегімен бірге байланысы бар, әсіресе ұн сүйкеу, құйрық май жегізу сияқты дәстүрлерінің қазірге дейін жалғасы бар,

бірақ біраз өзгеріске түскен. Мысалы: «құдалар үйге кіре бергенде босағада жасырынып тұрған әйел, табаққа ұн салып тұрып келген құдалардың бетіне ұн жағып тұратын. Бір-екі қариясын ғана сыйлап, одан кейінгі келгендеріне ұнды мойнына құйып, аузына, құлағына тығып, ең арты алыс-жығысқа айналатын»,- деп айтылады. Шілдехана, айт күні, қыз ұзатар тойда қыз-жігіт болып айтысады.

Садуақас Жақашұлы қазақтың ұлттық тағамдары туралы былай деп жазады: Қазақ халқының тағамдары XVIII – ға дейін малдың сүті мен еті болған. XIX ғасырдан бастап бидай, тары тамаққа көп пайдаланылса, ал 1870 жылдан кейін ет жеу ұлғайған. Осыларды айта келе ол қазақтың басқа да тамақ түрлеріне рет – ретімен тоқталған:

Атап айтатын болсақ, бауырсақ, ет пен қымыз, май сөк - тарыны жібітіп, маймен араластырған, сөк көже - түйенің, сиырдың сүтіне жібіген тарының сөгі, жұқпа нан, үзбе нан, таба нан, белбайлас – ұн мен сөкті қосып азырақ май шыжғырған көже, быламық, умашмай - шыжғырып, суға құрғақ, ұнды ылғалдап алақанман умаштап қайнатқан ұсақ түйірлі көже, салма нан, жент, бидай көже, жүгері көже, қонақ көже, қуырма жүгері, пәтір нан.

Бұл деректер Садуақас ақынның «Оңтүстік Қазақстанның өткен өмір тарихы» еңбегінде келтірілген. Сондай – ақ бұл еңбекте ырым рәсімдері туралы да бірнеше деректер жазылған. Мысалы, ырым бала туылғанда, келін келгенде, қыз ұзатылғанда, кемпір, шал өлгенде, боздақ аяулы қыршындар өлгенде, мал сойылғанда, малдың жүнін қырыққанда, киіз басқанда, мал төлдегенде, ауыл көшкенде, жолаушы жүрерде тағы-тағы осы сияқты істердің бәрінде ырым болады. Мысалы, күйеуге байланысты ырымның мына бір түрі бар: Күйеу қайны атасының, оның нағашы, жиен туыстарының төріне шықпайтын болған. Жазатайым ұмытып төрге шығатын болса, күйеу әруаққа айып есепте бір нәрсе атайтын. Егер оны істемесе халық арасында ақымақ есептелінетін. Ырым заңы келіншектерге қатты ұсталатын, үйдің киесі бар деп төрін баспайтын, үлкенді-кішілі әйел, ер демей, ерінің туысқан ру аймағымен атын атамайтын, үлкен кісі көргенде ерінен үлкен кісінің үйіне келгенде қол қусыра құлдық ұрып, сәлем қылатын. Бірақ әрбір күннің бірінде бір рет істесе жеткілікті.

Этнографиялық дерек көздерінің бірі – музей коллекциялары болып табылады. Халықтың тұрмыс, мәдениет бұйымдарын жинақтаған этнографиялық бірнеше музейлер бар. Онда халықтың шаруашылығы, киім-кешектері, баспаналары, әшекейлері аспаптары, діни заттары бейнеленген. Осындай музей қатарына Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы Шәуілдір ауылында орналасақан Отырар мемлекеттік археологиялық қорық музейі жатады. Музей заттары халықтардың мәдениеті мен тұрмыс ерекшеліктерін бұрынғы уақыттан қазіргі кезге дейінгі айырмашылығын

салыстырмалы тұрғыда зерттеуге мүмкіншілік береді.

Жоғарыда аталған ұлт қолөнерін бүгінгі күнге аман жеткізген, оны келер ұрпаққа насихаттауды парыз деп санайтын көненің көзін көрген ақ жаулықты аталарымыз бен апаларымызды ел байлығы десек жарасады. Өкініштісі атадан балаға мирас болған қолөнерді жалғастырушы шеберлердің қатары сирей түсуде. Этнографиялық зерттеудің дерек көзі ретінде ел арасында кездесетін халық шеберлерінің қолөнер бұйымдары туралы зерттеу жүргізіп, этнографиялық экспедиция ұйымдастыру, халықтың қолтума өнерін сақтап қалу бүгінгі ұрпақтың да асыл парызы.

Ел арасында бұрынғы дәуірлердегі халық шеберлерінің асыл мұрасын сақтап қазіргі заманымызға дейін алып келуші шеберлер көп. Этнографиялық экспедиция барысында соларды зерттеуге қол жеткіздік. Ел ішінде сөз өнерінің де қолөнерінің де қадірін білген қасиетті кісілер өткен. Солардың бірі Отырар алқабында ғұмыр кешкен, өзі ақын, жыршы, атақты аңшы, ұста – зергер Керімбай Жұматайұлы ақсақал. Ол сөз өнерінде атақты ақын Нұралы Нысанбайұлының «Сауда ишан» дастанының қолжазба нұсқасын ғалым Әсілхан Оспанұлы арқылы әдебиет тарихында қалдырса, XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың арқалы ақыны Майлықожа тұтынған қасқыр қақпанын, т.б. көптеген қолжазба нұсқаларын, қолөнер бұйымдарын, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің филиалы Отырар руханияты музей кітапханасына тапсырып кетті. Керекең керемет сүйек пен мүйіз ұқсату ісінің, соның ішінде мүйіз тарақ жасау ісінің қас шебері болған. Тарақтың тісін шығарып болған соң оның ұштарын шотпен, кескі пышақпен жұқартып, егеп ысқылап бояйды. Өнерімен елге танылған, қадірлі ұста атанған, атақты өнер иесі ұлы сазгер Шәмші Қалдаяқовтың әкесі Қалдаяқ Домбаев қазақ қолөнерінің ағаш ұқсату, металл, тас өңдеу, сүйек пен мүйіз ұқсату т.б. түрлерін жетік меңгерген ісмер болумен қатар, оның жонып келтіру, ию, ою, шегелеу, отқа қыздырып соғу, қалыпқа құю, тінікелеу, қаралау, бедерлеу, безеу, сірке салу, қақтау, дәнекерлеу т.б. әдістерін жетік меңгерген ісмер, арабша еркін оқи алатын өте сауатты кісі болған. Ол ұста мен зергерге бірдей қажетті көрік, төс, қол төс, балға, шапқы, тескіш, кескіш, сым созатын, шеге жасайтын темір қалыптар, күміс үретін түтік, балғалар, егеулер, қадаубастар, күміс әшекейлерді кептеп не құйып жасайтын темір қалыптар т.б. неше алуан түрлі құрал-саймандарды пайдалана отырып, арба, шана сияқты сүйретпе көліктерді, жерағаш, мойынтұрық, тырма, айыр, күрек, кетпен, дәнүккіш,, орақ, қырықтық, кісен, таға, пышақ, қақпан, мылтық, шаппашот, қайшы, темір пеш, үш аяқты темір ошақ, кебеже, сандық т.б. шаруашылықта, күнделікті үй

тұрмысында қолданылатын құрал-жабдық, саймандарды, сондай-ақ білезік, жүзік, құдағи жүзік, сырға, шолпы, өңіржиек, үкіаяқ, кемер белдік т.б. зергерлік әшекейлерді жасаған бесаспап ұста. Қасиетті «Құран-Кәрімнің» Алланың дүниені қалай жаратқаны туралы аятына ғылыми түсініктеме берілген трактатты ол кісі оқып, пайдаланған. Сол трактат Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музей қорында сақтаулы тұр. Қалдаяқ ұстаның жасаған қолөнер бұйымдары ел ішінде белгілі өнер иелерінің қолында сақталып қалған. Ұстаның шаппашотын ақын Айтбай Белгібайұлының жұбайы Қаншайым әжей музей қорына тапсырған. Шапапшот ағашқа түскіштігі жағынан еңкіштігі мен қайқылығы, салмағы, суы мүмкіндігінше дәл ескеріліп классикалық үлгіде жасалған. Оның ұңғысының және ұңғысымен жалғас қырларына «Ирек су» өрнегі шекіп түсірілген. Шүйдесінің жүзіне дейін өлшемі – 12,5см, ұңғысының диаметрі – 2,5см, жүзінің жалпақтығы 5,2см, сабының ұзындығы 33см. Ұстаның осындай үлгідегі тағы бір шаппашотын, төсін, қолтөсін, қолдиірменін, ұстарасын асханалық кепсері мен қырғышын, ұстахана терезесінің темір торын т.б. құрал-саймандарын Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің негізін қалаған Асантай Әлімов, отырарлық ардагер-ұстаздар Келдебек Жабатаев, Құрманбай Әлшериев, Алма Мұғжанова ұстаның отбасынан, ел ішінен алып тапсырған. Атағымен елге танылған ұста-зергер Нұрымбетұлы Сыздық (1879-1955жж.) Отырардағы ұсташылық дәстүрді берік ұстанған. Сыздық ұста неше түрлі шаруашылық құрал-саймандарын, зергерлік әшекейлерді жасаған. Ол әсіресе ұламалаудың шебері болған. Отырар өңірінде белгілі ұста-зергер атанған, 1943-1947 жылдары Шымкент қорғасын зауытының Отырар ауданындағы қосалқы шаруашылығында, 1947-1974 жылдары осы ауданның «Сулыкесік» /1947/, «Кеңес»/1948-1950/, «Сталинабат» /1951-1952/, «Шәуілдір» /1974-1998/ кеңшарларында ұста болған Сыздықұлы Надайымбек ауыл-шаруашылық құрал-саймандарының барлық түрін қолдан соққан және үйші болған. Ол 1956 жылы Сырдариядағы Шеңгелді өткеліне, 1992 жылы белгілі қоғам қайраткері, этнограф ғалым Өзбекәлі Жәнібековтың өтінішімен Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейіне қазақ қайығын шапты. Қолөнер шеберінің бірі Отырар өңірінде өмір сүрген Күлайша Әбдрайымова түкті кілем, тақыр кілем, алаша тоқу, текемет басып, сырмақ сырумен айналысқан. Күлайша апа бұл өнерді өз анасынан 9 жасынан бастап үйренген. Оның жүннен тоқылған қолөнер бұйымдары – кілем, алаша, сырмақ т.б. 1980 жылдары Мәскеудегі Бүкілодақтық көрмелерде көрсетілді. Күлайша апа өзі тіккен кілем құрақты 2005 жылы музей

қорына тапсырды. Кілем құрақты тоқу үлкен еңбекті қажет етеді, себебі ол тек ісмер адамның қолынан шығу керек. Кілем құрақтың бетіне түрлі-түсті матадан төртбұрышты, ал шеттеріне үшбұрышты, ромб тәрізді сыңар мүйізді өрнектерді құрап тіккен.

Қазіргі уақытта солардың өнерін жалғастырған Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданында Күлбала Әліппайқызы, Несібелі Әбдіхалықова, Тұмаркүл Бейсенова сияқты ақ жаулықты апалар, Абыт Раушанов, Ілияс Алшынбаев сияқты көне көз қариялар, Қызылорда облысында Шолпан Сәдуақасқызы сияқты халық шеберлерінің жасаған қолөнер бұйымдары арқылы ұлттық мәдениетімізді сырт жұртқа таныта аламыз. Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қызметкерлері этнографиялық экспедиция барысында қолөнер шеберлерінің жасаған бұйымдарын жайында бірнеше деректер жазып алды.

Қолөнер шеберінің бірі – Шытты ауылында тұратын Күлбала Қарабасова ұлттық киімнің ең көне нұсқасы – шекпен тоқумен айналысады. Күлбала апаның айтуы бойынша шекпенді күзеп алған түйенің жүнінен иіріп тоқыған. Оны қыста кез-келген киімнің сыртынан кие беруге болады. Аталарымыз жазда жаңбыр мен шаңнан, қыста қарлы бораннан қорғану үшін барлық киімнің сыртынан шекпен киген. Шекпен тоқу үшін төрт бұрым етіп қазық қағып, сол жерге үш-төрт адам жүгіріп жіп орап, бір әйел күзу салып, асты-үстімен байлап отырған. Екі жағынан мықты етіп қазық қағып өрмек керіледі.

Отырар ауданы Шеңгелді ауылында тұратын Абыт Раушанов ер шабуды 25 жасынан кәсіп қыла бастаған. Бұл өнер үлкен еңбекті, шеберлікті тәжірибені қажет етеді. Ер шабу үшін бірнеше құрал-сайман керек болған. Атап айтқанда шот, бұрғы, ойыс жүзді шот, ара, балта, үскі, ыңғыру, қашау, балға. Ерді қара тал мен тораңғылдан жасайды екен, ердің жарылған жерлеріне малдың сіңірін кептіріп жүн түтегендей түтетіп, оны желімдеп жаққан. Бұрынғы уақытта желімді сиырдың мүйізі мен терісінен қайнатып жасайтын. Желім жағылған ерді көлеңкеде кептірген, ал түтілген малдың сіңірін ағаш мықты қалпын сақтау үшін жаққан.

Осы ауданның Қаракөл ауылының тұрғыны Ілияс Алшынбаев 12 жасынан бастап ата-баба кәсібін ел игілігіне жұмсаған. Ел ішінде қадірлі ұста атанып, өнерімен елге танылған киіз үй жасайтын атақты үйші болған. Жас шағынан киіз үйдің кереге, уық, шаңырақ т.б. керекті ағаштарын жасап шығаратын әйгілі шебер қазіргі таңда жасы сексеннен асса да үйіндн қол қусырып қарап отырмайды. Өз өнерін жастарға үйретіп жүр. Оның шеберханасында үйшіге қажетті тез, сықаурын, жонғы, шот, балта, қашау, қол ара, үскі, қуыс жоңғы, уық, ырғақ сияқты жабдықтар толып тұр.

Үйшінің айтуы бойынша киіз үй ағаштары сәмбі тал мен тораңғылдан

жасалады. Ал оған ең қажетті құрал саналатын тез сүйегі ауыр жиде ағашынан жасалған.

Отырар ауданы Көкмардан ауылында тұратын Тұмаркүл Бейсенова да 13 жасынан бастап түкті кілем, тақыр кілем, алаша тоқып, көз майын тауысып, кесте тігіп шеберлікпен атағы шыққан өнерпаз ана. Өзі тоқыған шекпенді Отырар мемлекеттік археологиялық қорық музейіне тапсырды. Тұмаркүл Бейсенованың қадірлі өнері бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі дәстүр болып жалғасса игі.

Қолөнер шеберінің бірі Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Ақтөбе ауылында тұратын Несібелі Әбдіхалықова жүннен жасалған бұйымдар – текемет, алаша, кілем, сырмақ тоқумен айналысқан. Өзі тоқыған жоғарыда аталған қолөнер бұйымдары және ата-бабасынан қалған ою-өрнегімен ерекшеленетін зергерлік бұйымдар – тана, қапсырма, білезік, жүзік Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қорында сақтаулы тұр.

Шолпан Садуақасқызы анасы Жұмакүл Шәрмерденқызынан тәрбие алып, 11 жасынан бастап иірілген жүннен түрлі бұйымдар тоқумен айналысып келеді. Шолпан апаның әкесі Садуақас Баймаханұлы (1902-1996 жж.) кезінде атақты темір ұстасы болған, сонымен қатар ағаштан түрлі музыкалық аспаптар, қамшы жасап, ер де шапқан, жеті атасынан бері келе жатқан бұл өнерді қазіргі кезде балалары жалғастырып келеді. Ұстаның жеке шеберханасы сақталған, онда темір пісіру үшін пайдаланатын отты үрлейтін көрігі – қосқол, балға, төс т.б. құрал –саймандары: кетпен, орақ сол қалпында сақтаулы.

Шолпан Сәдуақасқызы киіз үйдің бау – басқұрынан бастап түкті, тақыр кілем, алаша тоқып, сырмақ сыруды анасынан үйренген. Өзі тоқыған арабы, сарыаяқ деп аталатын кілем түрлері, алашасы мен сырмағы осы күнге дейін сол қалпында сақтаулы тұр. Шолпан әжей жасы ұлғайса да өміріне серік қолөнерін жастарға үйрету арқылы ел құрметіне бөленуде, ата-анасының аманатын жалғастырып, өнерін бойына дарытқан нағыз шебер. Бұл күндері ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, жасаған бұйымы көздің жауын алатын, ел құрмет тұтатын әже.

Қазақ халқының қолөнерін дамытуға үлес қосқан, оны осы кезге дейін жалғастырып келе жатқан халық шеберлерінің өнегелі істерін жас ұрпаққа насихаттап, ертедегі ата-бабаларымыздың қолөнер үлгісінің шеберлігін сақтап қалып кейінгі ұрпаққа жеткізу, соларға үйрету игілікті іс болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство.-Алма-Ата: Өнер,1986.-51 б.

2. Байпақов К., Ерзакович Л. Орта ғасырдағы Отырар керамикасы.-Алматы: Өнер, 1989.-9 б.

3. Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ.-Алматы: Қазақстан, 1977.-49 б.

4. Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ.-Алматы: Қазақстан, 1977.-47 б.

5. Байпақов К., Ерзакович Л. Орта ғасырдағы Отырар керамикасы.-Алматы: Өнер, 1989.-14 б.

6. Ақышев К. Ертедегі ескерткіштер елесі.-Алматы: Қазақстан 1976.-72 б.

7. Айтаханов Қ., Жұмашев А. Отырар жәдігерлері.-Алматы. 2005.-61 б.

8. Жәнібеков Ө. Жолайрықта.-Алматы: Рауан, 1995.-13 б.

9. Нұсқабайұлы Ж., Жәнібеков Ө. Ежелгі Отырар.-Алматы1997.-21 б.

10. 10.Жәнібеков Ө. Уақыт керуені.-Алматы: Жазушы, 1992.-53 б.

11. 11.Бромлей Ю.В., Марков Г.Е.-Этнография. Алматы: Мектеп, 1987.-31 б.

Т.А. ЕҢСЕБАЕВ

ӘОЖ 929.5 (=574)

КЕРЕЙ ШЕЖІРЕСІ

Подготовленная при жизни Тлеукен ага статья посвящена шежире племени керей Среднего жуза, и публикуется в печати впервые.

Prepared during lifetime of Tleuken aga article is devoted Genealogy to a tribe Kerey the Average Ghus, and published in the press for the first time.

«Шежіре халық мұрасы,
Шежіре қастерлі қазынамыз»
(ел ауызынан)

Шежіре деректерінде Керей Орта жүздің түп атасы Жанарыстың алты баласының бірі Есімқожадан (кейбір шежірелерде Смағұлқожа) туған деп көрсетіледі. Керейден тараған ұрпақ Абақ және Атажайлы болып екі үлкен тармаққа бөлінеді. «Абақ» сөзінің төркіні туралы шежірешілер әр түрлі жорамалдар көрсетеді. Керейдің Ақылбай атты ұрпағының ақылды, сұлу, шешен бәйбішесінің есімі Абақ екен. Абақ бәйбіше он екі немересін өзі тәрбиелеп, ана тәрбиесін көрген ұрпақ «біз 12 ата Абақпыз» деп кеткен. Абақ ана қартайғанда ақсарбас айтып сойып 12 абақ керейім деп бата берген. Ақсарбас айтып сою керейлерден қалған мирас екен.

«Атыңнан айналайын Абақ ана,
Сенен көктеп өсіппіз талай бала.
Қол жайып аруағыңа дұға оқыдың,
Жеткізсін мұратына қақ тағала» -

дейді ақын Ақыт қажы Үлімжіұлы.

Тағы бір шежіре нұсқаларында Үш Арыстың ортаншысы Жанарыстан Дана би туады, оның үш баласы Қоянбай, Жарғақ және Тарғақ екен. Қоянбайдан Сары Керей, Жарғақтан Қара Керей, Тарғақтан Уақ Керей тараған деседі. Аңызда жеті Сары ұл бір туғандай болып көрінетіндіктен Сары Керей атанған. Енді бір аңызда Керей өзі өңтүсі қара кісі, би болған екен, сонан қара би атаныпты. «Керей атасы Қара би» деген сөз сондықтан қалған.

Абақ және Ашамайлы керейді осы Сары Керейден таратады. Абақ керейді Ұлы жүз Үйсіннің тікелей ұрпағы еді деген пікірлерде бар. Аңыз бойынша Керейдің қызының аты Абақ екен. Оның әуелгі шын аты Аппақ болған. Бұл қыз көрікті, ақылды және ержүрек батыр болған деседі. Сол заманда Үйсіннің Қарамойын деген жігіті Керей нағашысына барып, осы Аппақ қызға үйленеді де, сонда тұрып қалады. Оның ұрпағы кейіннен Абақ Керей атанып кетеді.

Ал Ұлы жүз шежіресінде Үйсіннен – Жансақал, Ақсақал өрбиді

деген. Ақсақалды шежіре деректерде «Абақ» таңбалы деп те көрсетеді. Сондықтанда кейде Ақсақалды «Абақ» деп те атайды. Ақсақалдан Айдарлы, Сақалды туады. Шежіреде олардың егіз перзент екені айтылады. Екеуі де батыр ноян «Ноян» - басшы, мырза. «Нойон» сөзі монғол тілінде мырза дегенді білдіреді. Шығыс түркі тілдерінде де «Ноян» - бек, басшы. Бұл жерде «батыр ноян» деген «таңдаулы батыр» деген мағына білдіреді.» - болып өседі. Елді сыртқы жаудан қорғау мақсатында Сақалды Орта жүзге кіретін Керей ұлысының ішіне барып, бір қызға үйленіп, сонда қалып қояды. Кейін одан тараған үрім бұтақ өздерін біз Абақ кереймiз деп кеткен.

Жазушы – академик Сәбит Мұқанов: «бір жорамалда Кіші жүзде «Керейт» аталатын румен Орта жүздегі «Керей» бір тұқым. Тіпті Сібірдегі «Корей» аталатын ұлтты да осыларға қосып қояды» дейді. Сәбең айтып отырған Керейт – Жетіру тайпасына кіретін жеті рудың бірі. Негізінен Сырдария, Қуандария алқабын қыстап, жазда Орск, Троицкіге дейін көшіп жүреді. Керейіттердің түтін саны XIX ғасырда 4 мыңнан аспаған көрінеді. Қызықтырған бір жағдай осы Кереит руының ұраны «Ақсақал».

Керей деген сөздің неден шыққаны туралы әр түрлі пікірлер айтылады. Монғолдың «хээрийд» - далалықтар деген сөзімен төркіндес деген болжамдар бар. Профессор И.Н. Березин (т.ж. 1818 –11898 ж.ө.) керейлер ертедегі шүршіттердің – « « Шүршіт» - маньчжур (Цин) династиясы Қытайда билік еткен кезде (1644-1911) қазақтар қытайлықтарды (маньчжурларды) осылай атаған. Ерте заманда Қытайдың солтүстік жағында Шүршіт деген бір үлкен жүрт болған. Үнділер мен тәжіктер оны шын дейтін. (Әбілғазы «Түрік шежіресі»)». «Кари» руының бір бұтағы деген болжамды айтады.Ертедегі маньчжур (шүршіт) тілінде «Кари» қара (баран) деген ұғымды білдірген.

Монғол тілінде «хэрээд» - қара құс, қарға деген мағына білдіреді. Фольклоршы Г.Н. Потанин (т.ж. 1835-1920 ж.ө.) түркі-монғол рутайпаларының ертедегі қасиетті құстарының аттарын келтіреді, солардың ішінде Қара керейдің құсы-қарға, Ақсүйектердікі жапалақ дейді.

Әбілғазы баһадүр хан (т.ж. 1603-1660 ж.ө.) «Түрік шежіресі» еңбегінің екінші бабында «Кереит елінің баяны» деген тақырыпқа тоқталады: «Кереиттің мағанасы қара (баран) деген. Бір кісінің екі баласы бар еді, барлығы да қара болды, сондықтан оларды кереиттер деп, олардан туғандарды да кереиттер деп атап кетті.»

Монғолияда тұратын тарихшы Ислам Қабышұлы «Керей» атауы жер-суға байланысты айтылғанға ұқсайды дейді«.Керейлер ерте кезден бастап Керлин өзенінің маңынмекендеген. Сол себепті керілер (керліңдіктер) деп аталып кеткен. Ол кейінде қысқарып «Керей» болып кетті».

Т.А. ЕҢСЕБАЕВ

Абақ керейлер құрамына Ителі руы кіреді. Керейдің Жәдік руы төрт атаға тармақталады, олардың біреуі – Итемген. Күрсары керейдің Есболынан – Төбет, Жәнтекей руының Сүйіншіәлісінен – Барақ, Молқының Ғайыбынан – Байбөрі мен Итемген туады, Байбөрінің ұлы Күшік. Осы атауларға қарағанда керейлерде ит қасиетті саналғаны көрінеді. Жеті қазынаның бірі жүйірік тазы екені жұртқа мәлім. Керейлер көне жазбаларда кереит делініп жүр. Кере-ит деген қос сөз құрамындағы екінші сыңарына қарағанда « Керей-кері жорға иттен тарайды екен » деген ел арасында қалжың сөзойға келеді. Ертедегі көшпелілердің діни нанымында отқа, күнге, от басы, ошақ қасы, берекелік піріне табыну орын алды, пұтқа, хайуандарға, керемет күшке сенушілік сақталды. Сірә, ежелгі, көне заманда, тіпті исламға дейін ит керей елінің қасиетті хайуаны болған сияқты.

Ұлы жүздің бас биі, белгілі шешені, Тәуке ханның кеңесшісі Дулат Төле би Әлібекұлы (т.ж.1663-1756 ж.ө.) үш жүздің руларын салыстра келіп былай деген екен:

« Асыл тусаң Керей бол.
Үш қазаққа мерей бол.
Уақ болсаң Шоғы бол,
Даулы істе жорға бол.
Арғын болсаң Алтай бол,
Найман болсаң Матайбол.
Байұлы болсаң Адай бол,
Үйсін болсаң Ботбай бол.
Бұл атаулы болмасаң,
Қалай болсаң солай бол!»

Керейлер XIII ғасырға дейін монғол жері Орхон, Тамыр өлкесін мекендеп Шыңғысқан «Шыңғысхан» (т.ж, 1155-1227 ж.ө.) – Қият тайпасы,Бөржігін руынан шыққан монғол ханы. Өз аты Темучин, Есукей батрдың ұлы, Хабул ханның шөбересі. 1206 жылғы құрылтайда біртұтас Моңғол мемлекетінің ұлы ханы болып жарияланды да, «Шыңғысхан » лауазымын алды ». шапқыншылығында орасан зор қврғынға ұшырап, қалған аздаған ұрпақтары ішкері бойлап кіріп, сонан XIII-XYIII ғасырға дейін Сыр бойын мекендеп тұрады – дейді. Шығыс Түркістан ғалымы Л.Бадавамов :

Қазақ ежелден малмен күн көрген көшпелі халық, қыстан аман шығу үшін жылы жақта, оңтүстікте қыстап қалатын, қыстың сызы кетіп, көктем басталуымен солтүстіктегі жазғы жайлауларына көше бастайды. Керейлер Сыр бойында қыстап, жазды Сібір жерінде өткізген. Қысы жылы жылдары Сібірде де қоныстанған. Бұған куә Қожаберген жыраудың «Елім-ай» жыры:

«Тұтас ел бытырамай орнаған бақ,
Баласы Орта жүздің Керей – Уақ.
Құт қонып, қыдыр дарып ерте кезден,
Мекендеп Сібірді оларды тұрған ұзақ.
Тоғайын Омбы өзені жұртын қыстап,

Баптаған алғыр тазы, бүркіт ұстап.
Бес жүз жыл Керей қоныс еткен сібір,
Қорғаған жаудан халқын қару ұстап.
Ертіске екі беттеп елім қонған,
Төскейге қоймен жылқы, түйе толған…»

Керейлер Қазақстан жерінде 500 жыл мекен етіп тұрды да, 1723 жылы Жоңғарлардың жасаған шабуылы қазақ даласын қанға бояды.

«…Керейден Омбы өзенін тартып алды,
Ертіске орнап қалмақ жатып алды.
Көк шалғын қазақ жерін қанға бояп,
Жауыздар сахарамда асыр салды.
Бес ғасыр ата-бабам қоныстанған,
Орманда іші алаңға қыстау салған.
Ертіске Омбы өзені құяр жерін,
Айнала тоғайын қалмақ алған.
Амалсыз Ертіс бойын тастап шықтық,
Дұшпанның бой бермесін әбден ұқтық.
Ор қазып Есілкөлде жолын бөгеп,
Соғысып қолма қолда қалмақты ұттық…»

Керей елі мал шаруашылығымен егіншілік және қол өнер кәсібімен айналысқан. « Керейден ұлтуса, ағаштың күні туады » деген мақал осы кәсібіне байланысты айтылған. Ата-бабалар мекендеген Сібір өлкесі Қожаберген жыраудың көзіне ыстық көрінеді:

« Атанған бабам Ғали – Ашамайлы,
Өсірген мыңдап тайлақ, құнан – тайды.
Сібірге ұрпақтары қоныстанып,
Ел болып ерте кезден қанат жайды.
Шалқар көл, ну орманды Сібір жері,
Сібірді мекен еткен Керей елі.
Егін сап, күн көрудің қамын ойлап,
Бас қосып кеңес құрған би мен бегі.»

Керейлер қоныстанған Сібір өлкесі орманды дала. Шоқ-шоқ қайыңды қарағайлы, жалпақ жапырақты орман жиі кездеседі. Бұлардың аралықтары – негізінен бозды-бетегелі, шытырлы бөде өскен шүйгін дала. Керейден ағаш шеберлері: балташылар, ағаш ұсталары, ершілер, үйшілер, шыбық өріп тоқушылар көп шықты. Қазақтың әшекейлі ағаш үйлерін, кебеже, асадалдарын,бесік, ат арба, шана, ер тоқым, соқаларды жасап керейлердің ұсталарының даңқы алты алашқа жайылды.

Керейдің батырлары « көк найзаның ұшымен, көк семсердің күшімен » ұлан байтақ территорияға ие болған. Керей тайпасы негізінен Алтай, Тарбағатай тауларын, Зайсан көлінің атырабын, Ертіс бойын және Солтүстік Қазақстан жерлерін қоныстанған. Керейлердің едәуір бір бөлігі Батыс Моңғолияның Баян - Өлгий аймағы мен Қытай Халық Республикасының Шыңжан провинциясын мекендейді. Орыс ғалымы Н.А. Аристов (т.ж. 1847-ө.ж. белгісіз) айтуынша, XIX ғасырдың орта кезінде керейлер Қазақстанда 13-15 мың, Моңғолияда 12400, Қытайда 12000 тарта түтін болған.

Т.А. ЕҢСЕБАЕВ

«Халық мұрасы» деген еңбегінде Сәбит Мұқанов керейлерге тоқталады.: Нұртаза маған: « Сенің әкең – Мұқан, оның әкесі – Шүкей, оның әкесі – Бектемір, ол – Байбарақтан, Байбарақ – Сырымбеттен, Сырымбет – Қосайдан, Қосай – Отарбайдан, ол Шимойыннан, Шимойын – Сибаннан, ол Керейден туған » деп сегізінші атамнан мені қазақтың ең көне руының бірі Керейге апарып тіркей салады.

Мұндай шежіренің бергі жағы дұрыс болғанымен, арғы ескілікті жағы жаңылыс сияқты. Өйткені, Керей тарихта соңғы мың жылдықтың ар жағынан мәлім. «Ашамайлы», «Абақ» болып бөлінетін Керей мың жылдан астам (мүмкін оданда көп болар) жасаған өмірінде, егер жүз жылда орта есеппен үш ата жасайды деп мөлшерлесек, кемінде отыз ата болып бұтақталады.

Елдің жасалу үлгісіне қарай «қазақ ері», «қоқан ері», «құранды ер», «ашамай ер», «қазық бас ер», «арғын ері», «найман ері», «дулат ері», «мұрын ері», «орыс ері» деп аталатын түрлер бар. Қазақ тілінде «ашамай» сөзі үш түрлі мағанада қолданылады: 1) түйеге жүк артуға пайдаланатын ершік; 2) өгізге салынатын ыңыршақ; 3) жас балаға арналған,тайға салатын кішкентай ғана ер ағаш. Ердің «Ашамай» деп аталу себебі: ердің қастарын ағаштың аша бұтағын қақ жарып жасайды. Ашамай ердің алдынғы және артқы қасы биік сүйемелі келеді де оған баланың екі қолтығынан қос баулық керіледі. Ашамай ер атқа өздігінен мініп жүре алмайтын жас балалар үшін арнайы жасалған.

Қазақтар 15 жастан бастап некелесуге ерікті. Бірақ балаларды сәби кезінен, тіпті тумай жатып атастыру салты бар. Керей елі ішіндегі көне сөздер бойынша Ашамайлының әуелгі аты Ғали екен, әкесі оны бала кезінде ашамайға мінгізіп барып келіншек алып бергендіктен, Ашамайлы атаныпты делінеді. Керейлердің бір бөлігі Шыңғысханға бағынбай 1202 жылы Арқаға ауғанда көбінде ер орнына ашамай қолданылған соң оларды Ашамайлы деп атап кеткен деген де әңгіме бар.

Ашамайдың нышаны (символы) – «Х» әрпі тәрізді, «ашамай» таңбаны керейдің XI ғасырдан яғыни 1009 жылдан, несториан дінін ұстаған кезінен, қалған «крест» таңбасы (+) дейді. «Абақ» таңба төрт бұрышты ортасынан қақ бөлінген, «Ф» әрпіне ұқсас таңба. «Абақ» таңба қасқыр, түлкі секілді аңдарды қолға түсіру үшін құрылатын қақпан тектес абақ деп аталатын аңшылық құралға ұқсайды. Осы абақ сөзінен түрме деген мағна беретін «абақты» сөзі шыққан деген болжам айтылады. Абақ сөзі моңғол тіліндегі «қандас туыстар одағы» мағынаны білдіретін «обог», «обох» сөздерінен қазақтарға ауысқан деген жорамал бар.

Қытай билеушісі Цяньлуннің « «Цяньлун» (Чианлұқ патшасы, т.ж. 1711-1799 ж.ө.) – Қытайдағы манчжур Цин (Чиң патшалығы) қазақша «қасиетті» династиясының төртінші императоры

(1736-1799) Қазақтар оны Ежен хан деп атаған». әскері 1755-1759 жылдары Жоңғар хандығын тас – талқанын шығарып, ұлын - ұрықсыз, қызын – ұрпақсызқырып жойды, 600 мың ойраттардан 30-50 мың адам ғана тірі қалды. Қытайлар Батыс Моңғолдардың кейбір елді мекендерінде адамын былай қойғанда үрерге ит қалдырмады. Тайван тарихшысы Лю Итан бұл туралы «200 мыңдай отбасы, 600 мыңдай халқы болған жоңғар әулетінің оннан үші қытайлардың қылышынан, оннан төрті оба, шешек ауыруларынан қырылып, оннан екісі өз атамекенін тастап қазақ даласына, орыстың жеріне кетуге мәжбүр болып, халықтың оннан бірі ғана ата мекенінде тірі қалған».

Жоңғар мемлекеті құлағаннан кейін, «ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деп, Ресей империясының құрамына кірмейміз, дербестігімізді сақтаймыз деп, «он екі арыс Абақ керейлер» Бердәулетұлы Ер Жәнібек батырдың (т.ж. 1724-1795 ж.ө.) басқаруымен ежелгі ата қрныс Тарбағатай жеріне көшеді. Керейлердің көшін тоқтатуға Абылай хан Бұқар жырауды жұмсайды.

«Керей қайда барасың,
Нұра бойын көбелеп.
Сен қашсаң да мен қойман,
Арғымағын жебелеп.
Енді алдыңнан шығайын,
Жауған күндей себелеп.» -

деп әйгілі жырын Бұқарекең сонда айтса керек. Сол көште Абақ керейлер Алтай өлкесінің Қаба, Жеменей, Бауыршын деп аталатын жерлеріне өтіп, бір шеті Сауыр тауын мекендейді. Одан әрі Ертіс өзенінің басына дейін өр Алтайдың күнгей бетіне жетіп қоныс тебеді. Суы тұнық, шөбі шүйгін, отыны мол, жазы жәннат, қысы жайлы бұл құтты мекен адам мен малға қолайлы болды. Байтал құлындап, тайынша бұзаулап, елге мал бітті.

Абақ керейлердің ежелгі ата мекені Ертіс, Тола, Керулен жағалауы, Алтай, Қаңқайдың қойнауы. Абақ керейлер XIX ғасырдың басында 15000 үйге жеткен. Олар негізінен үш мемлекетте: Қазақстан, Моңғолия және Қытайда тұрады. 1864 жылғы Шәуешектен қол қойылған мәжіліс хаты бойынша және 1881 жылғы Санкт – Петербуруг келісімінің құжатына байланысты қазақ елі ресми түрде екіге бөлінді, жер екі империялардың Қытай және Ресей құрамына енді, халық егемендіктен біржолата айырылды.

Қазақ жерінен шетте тұрған керейлер туралы Ақыт қажы Үлімжіұлы былай деп жырлаған:

«Алтай тау, Қобда, Сауыр, Бәйтік Боғда,
Ерентау, Сантай, Бөкен – тұрмыз сонда.
Алшаңдап азғантай жыл кеңдік көрген,
Байытқан берекелі қайран Қобда».

1992 жылдан бастап Моңғолиядағы қазақтардың Қазақстанға оралу көші басталды. Бұл жерде ақын Бөкен Қайратұлының

«Қайдан келдің дейсің бе» деген өлеңінен үзінді келтіруді жөн көрдім.

Алтай тауының аржағынан келдім
Баян - Өлгей аймағынан келдім,
Әлі өңі бұзылмаған
Қазақтың қаймағынан келдім.
Алтайдың өрінен келдім,
Мұңғылдың жерінен келдім
Дастарханы жиылмаған
Керейдің төрінен келдім…

Қытайда керейлер Гансу, Цынхай өлкелерінде тұрады (екі автономиялы аудан); сонымен бірге Шығыс Түркістан өлкесінің Үрімжі уалаятына қарасты Баркөл, Нори аудандарында да (екі автономиялы қазақ ауданы); Тарбағатай аймағына қарасты Майлы, Жәйір, Түркістан; Іле аймағында Ластай, Талқы, Бесағаш деп аталатын жерлермен Сайрам көлі атырабында тұрады. Бұнымен бірге Абақ керей елінің бір бөлігі Есенқабырға, Боғда, Қаратау маңында да бар. 1940-0950 жылдары Қытайдағы қазақтар Гоминдан езгісіне ұшырап, маошыл шовинистердің салдарынан талай рет тар жол тайғақ кешуден өтті. Қытай үкіметіне бағынбай Алтайдан қоныс аударып кеткен 600 отбасы (4 мыңға жақын жан) ауа көшіп Лобнор, Такла – Макан шөл даланы, таулы Тибетті өтіп, әлемде ең биік Гималай тау жүйесін асып, 4 мың шақырым жол жүріп арыстан жүректі керейлер 1941жылы Үндістанға, ал 1951 жылы Пәкістанға жетті. Бұл мемлекеттерден қазақтар 1952-1958 жылдары Түркияға, туысқан халықтың жеріне көшеді.

Қазақ шежіресі Керейдің руларын былай таратады. Керейден Арыстанбек туады. Арыстанбектен – Ақылбай (бәйбішесі Абақ) және Наурызбай екеу. Наурызбайдан Ашамайлы тарайды.(шын аты Ақберді). Ақылбайдың ұлы Байтайлақ, Байтайлақтан Жастабан (Аллаберді), Құттыберді, Меркіт туады. Жастабанның балалары: Сарытоқай, Бегімбет, Сарбас.

Құттыберді – Бағаналы, Жаппас болып екіге тармақталады. Бағаналы өз кезегінде Жиеншора мен Бердішора боп тізбектеледі. Жиреншорадан Құлтайболат туады. Бердішорада үш ұлы болған: Елдей, Көлдей, Белдей. Одан әрі Елдейден Жәдік пен Жәнтекей тарайды, Жәдіктен өмірге төрт бала келеді: Жанат, Мәлік, Итемген, Мұқал. Көлдейдің жалғыз ұлының аты Шеруші. Қойлаудан Көкбұлақ (Арқаш) туады, одан Ителі (Ахметәлі).

Жаппастан: Кенел (Мұғұл) мен Жабай екеуі. Кенелде екіге бөлінеді – Мәнжол, Нанлы боп. Мәнжолдан Байбағыс пен Шұбарайғыр (Кенбағыс) өрбиді. Жабайдан үш ұл туады: Қарақас (Сидалы), Молқы, Көнсадақ (Жабай). Кезекті бір шежіреде Шұбарайғыр Аллабердінің жиені, ал Меркіт жиеншары делінген.

Н.Аристов, Шәкәрім Құдайбердіұлы (т.ж.1853-1931 ж.ө) Көнсадағын Шимойын десе, Мұхамеджан Тынышбаев (т.ж. 1879-1937 ж.ө.)

Шимойын мен Қарақасты Ашамайлы Керей тобына жатқызады. Моңғолиядағы Абақ Керейлердің ортасында Жастабан, Меркіт өте сирек кездеседі, ал Итемген руы жоқтың қасы, Шимойынды Керей дегеннен гөрі найман тайпасына жатқыза береді. Моңғолия жерін мекендейтін Абақ Керейлердің көпшілігі Ителі, Жантекей, Шеруші, Жәдік, Шұбарайғыр, Қарақас, Молқылар.

Он екі ата Абақ Керейлердің әуелгі ұраны «Абақ» бертін келе «Көкбөрі қонған», көк дөнен мінген, әруақты батыр, ақыл гөй дана Бердәулетұлы Жәнібектің құрметі үшін «Жәнібек» деп ұран салған. Әр рудың да өз ұраны бар: Жантекейлер беріде «Шақабай», арыда «Сәменбет», Молқы руы «Машан», Жәдік – «Жанат», Сарбас – «Сартоқай», Ителі – «Бұқарбай», Қарақас – «Қаптағай», Меркіт – бұрын «Құлсары», кейін «Жаужүрек», Жастабан – «Жобалай», Көксадақ – «Жабай», Шұбарайғыр – «Әлмәмбет» деп ұрандайды.

Жантекей Абақ Керейдің ең үлкен руы. Жантекейлер Сүйіншіәлі, Сүйінбай, Сүйіндік болып үшке тармақталады. Сүйіншіәліден Қожамжар, Барақ, Секел, Бұлантай аталары тарайды. Сүйінбайдың лақап аты Орыс, одан туған бес ұл: Самырат, Сәменбет, Құтты, Бөкес, Төлеке – «бес орыс» деп аталады. Сүйіндіктің ұлдары – Алты, Халке. Алтыдан – Сары, Сарыдан – Бердәулет, Бердәулеттен қазақтың әйгілі сардары, Абақ Керейдің көсемі Ер Жәнібек батыр туған.

Жәнібек батыр өз өмірінде 12 рет ірі жорықтарға қатысып, жеңісті жорық жүргізіпті. Жаудан беті қайтып көрмепті. Жауына кеткен есесін жібермей қайтарып алып отырыпты. Соғыста түскен олжаны халыққа бөліп беріп,өзі олжа алып дүние мүлік жинамапты. Мінерат, киер киім, ішер тамақтың қана дәулетін қанағат еткен.

Батырдың анасы Қаздауысты Қазыбек бидің қызы. Жәнібек жас кезінде атасы Қазыбек бидің тәрбиесінде болыпты. Батырдың қызы Айпара Тобықты Олжай батырдың Айдос деген ұлының әйелі, дана ақын Абайдың Ырғызбай бабасының анасы. Абай айтыпты: «Ер нағашысына тартады деген. Ақындық, шешендік, батырлық міне осы үш қасиетті де бірдей мықты ұстап, қазақта асып туған Кіші жүзде Сырым батыр. Содан кейін Ер Жәнібек. Ер Жәнібектің бір қасиеті Өскенбай, Құнанбайдан өтіп маған келмеді деп отырсыңба?» - деп.

Есімі Жантекейге ұранға айналған Шақабай батыр Есентайұлы, Ер Жәнібектің серігі, ел иесі – ел басқарған Қотырақ батыр Базарқұлұлы, оның немересі белгілі Көбеш батыр Айтбайұлы (т.ж.1797-1887 ж.ө.) турашыл, әділби Тауасар, ержүрек батыр Асылбек, дарынды ақын Төлеби, жаудан шегінбеген қайрат иесі батыр Ікей қатарлы атақты адамдар осы рудан шыққан. Бұл рудан білікті МамытұлыКөкен, Сатайұлы Топан билер Абақ керей төрт би сайлағанда билік басына шығып, Керейді басқарған, ел іргесін сақтаған.

Т.А. ЕҢСЕБАЕВ

Айтулы Шәу жырау, өлең жыр шығарушы ТөлебайБөжекұлы, Көтбай Көшкіншіұлы, Зия Мамиұлы қатарлы көрнекті ақындар, сыбызғышы Балжан, күй иесі домбырашы Шалап сияқты күйшілері, сөз иесі Лақ, Барлыбай, Сары, Шұлғаубай қатарлы ділмар, шешендері, ерлік іспен аты шыққан Байғазы, Ізғұтты, Жарқынбай, Иман, Ақан, Көбеш, Тергенбай қатарлы балуандары болған.

Е. Бекмаханов батырлар институтының эволюциясын межелеп көрсетуді міндетіне алмай, бұны арнаулы зерттеу тақырып аясына қалдырған [1, 64 б.]. Осыдан кейін кеңес заманында батырлар институтын

жеке алып қарастырған арнаулы зерттеулердің болмағандығы көңілге кірбін келтіреді. Қазақ мемлекеттілігін сақтап, еркіндік үшін күресімізде ел қорғаны болған қазақ батырларының асыл қасиеттерін танып білу, насихаттау жұмыстары жүргізілетіні мәлім. Бірақ, батырларымызды белгілі бір реттік методологиялық ізденіс, ғылыми жүйе аясына қамтымай келе жатқанымыз тағы бар.

Қалай айтсақ та, қанша ғасырды басынан өткерген қазақ халқы, батырлар образдарын батырлар жыры, аңыз, дастан, қисса секілді ауыз әдебиеті үлгілерінде ұмыт қылмай сақтап келетінін баршамыз білеміз.

Жоңғарлармен көпжылдық соғыс барысында, әсіресе ұзаққа созылған 1723-1730 жж. қантөгіс соғыстардың өзі соғысқа барлық күштерді жұмылдыруға әрекет етсе, тарихи кезеннің өзі үлкен батылдық пен ерлікті қажетсінген еді. Барлық жүздерде, тайпалар мен руларда әскери істі кәсіпке айналдыруға ұмтылатын көптеген адамдар тобы ұйымдасады. Бұл топ бір ғана батырлар емес – тұтастай әскери көсемдер мен кәсіби жауынгерлердің сословиесіне айналады. Сондықтан да өз заманының тарихынан қарымды қалам тартқан Ш.Уәлиханов қазақтардың жоңғарлармен қарсы күрес жылдарын «серілер заманы» деп атауы тегін емес.

Егер, басылым беттерінен батырлар жөнінде қарасаңыз көбінде жоңғарларға қарсы күресте XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы батырларды көптеп кездестіреміз. Осы кезең батырлар институтының гүлденген кезеңі болса, кейін бұл әлеуметтік топ өз маңызын жоғалта бастайды. XIX ғ. I жартысы Кенесарының қозғалысы тұсында батырлар рухының соңғы бейнелерінің байқалу себебі неде? Қорғаныс саласын Ресей империясының мемлекеттік институттары қолға алғаннан бастап, далалық серілер заманы біртіндеп тарих сахынасынан алшақтай береді [3].

Патша өкіметі қазақ қоғамындағы дәстүрлі билік институттарын жоюды, ең алдымен батырлардың көзін құрту жолдарын іздестіруден бастады. Себебі олар елдіктің, қазақ жерінің тәуелсіздігі мен бүтіндігінің жоқшысы еді. Батырлардан құтылу, сол арқылы қазақ халқын жуасытуға, рухсыздандыруға бағытталған әрекет отарлық саясаттың құрамдас бөлігі, басты бағыттарының бірі болған патшалық Ресейдің ресми құжаттарында да кездеседі. 1806 жылы 31 мамырда император I Александр Бөкей ордасы үшін бекіткен «хан кеңесі үшін ережелерінде» «батырлар пайдасы болмасын және күшеймесін» деген нұсқау жазылған. [2, 65 б.]

Шоқан Уәлихановтың батырлықтың таптық табиғатына берген бағасынан біз батырлардың феодалдық иерархияда көрнекті орын алғанын көреміз.

Бірақ бұдан батырларды әлеуметтік категория ретінде тек соғыстардың арқасында ғана шықты

деген қорытынды жасау асығыстық болады. Әскери-феодалдық шендегілердің өкілдері ретінде батырлардың таптық қалыптасуы ең бірінші кезекте қоғамның одан әрі феодалдануымен байланысты.

Осыған қатысты XIX ғ. ортасында көптеген бай, сұлтандар батыр титулын иемдене бастауын атап өту қызық болары сөзсіз. Мысалға, Тезек сұлтан Тезек-батыр атанған. А. Голубевтің көрсеткеніндей, Тезек әуелде қарапайым батыр болса, кейін келе аға сұлтан дәрежесіне дейін көтеріледі. Бұл батырлардың қазақ қоғамындағы феодалдық билікте дәрежелерінің көтерілгендігіне куә бола алады [3].

Жалпы, ауызекі дерек ретінде кеңінен қолданысқа түскен халықтың ауызша тарих айту дәстүрі туындыларын тек «көркем сөз туындылары ретінде ғана емес, сонымен бірге қоғамдық ойдың үлгісі есебінде де қарау, сол тұрғыда ғылыми талдау жасау – олардың табиғатынан туындайтын методологиялық қажеттілік». Осы тұрғыдан келгенде, көшпелі қоғамдардағы, оның көшпелі қазақ қоғамындағы билер институтының себеп-салдарлы талдамасы халық ауыз әдебиетінің аңыз-әңгіме, жыр, терме, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер тәрізді аса құнарлы, әрі құнды үлгілерінсіз мүмкін емес [4, 102 б.].

Би атауына лайық болған батырларымызды жазбас бұрын әуелі билердің сол замандағы қазақ қоғамында алған рөліне тоқталып өтеміз. «Қара сүйектің» артықшылықпен пайдаланатын әлеуметтік топтары арасынан көшпелілер ұжымдарында сот билігін атқарушы билер сословиесі аса маңызды орын алды. «Би» деген сөздің, астары, - деп көрсетті Я.П. Гавердовский, - сөзге шешен, бай әрі шамдағай адамдар екенін біз ұғынуымыз керек». Қазақстандағы билердің артықшылықты жағдайы бәрінен бұрын құқықтық реттеудің, қазылықтың және жарастырушылықтың үлкен қоғамдық мәнімен айқындалды әрі мүліктік қатынастар жүйесінде айрықша құқықпен, соның ішінде кінәні іздестіру (билік жүргізу) ақысының оннан бірі түріндегі қосымша табысты иелену құқымен пайдаланатындығынан көрінді.

Көшпелі қауымның қойнауынан сұлтандарға қарама-қарсы өсіп шыққан әлеуметтік үстем топ ру старшындары - билер еді. Билер де қазақтардың арасында үстем жағдайға ие болды. Олар ерекше құқықтық және экономикалық артықшылықтарды пайдаланды. Ру старшындары әуел бастан-ақ қауымдық қоныстардың едәуір бөлігіне иелік еткен, бірақ XIX ғасырдың бірінші жартысында мал өсіру дағдарысының күшеюіне байланысты олар зорлық жасап, таңдаулы қыстауларды өздерінің жеке меншіктеріне ала бастады. Байыған ру старшындарының, яғни билердің кейбір ауылдары сұлтандардың ауылдары сияқты ру қауымдарынан

бөлек көшетін болды. Сонымен бірге ру билері хандармен және сұлтандармен қатар сот-талап істерін қарап, кірісті бөлуге қатысты. Тек «қарасүйектің» өкілдері ғана би бола алатын, чингизидтер би болып сайлана алмайтын; бірақ сот істерін талқылауға бұлар да қатысатын [5].

«Би» сөзінің қайдан шыққаны осы кезге дейін әлі толық анықталған жоқ. Құрбанғали Халид түркілердің мансап иелерін «би, бек» атаған. «Би-бектен, бек-бүйіктен» қысқарған атаулар. «Бүйік – үлкен, зор» мағынасында айтылған. Сонымен Қ.Халид «би» деген сөз «бек» немесе «биік» сөзінен шыққан деп дәлелдемек болады [6, 48 б.].

Осы орайда халық аузында әділ би жөнінде өлең шумағынан:

Әділ бидің алдынан іс кетпейді,
Жәбірлікті бекерге істетпейді.
Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешіп,
Абыройын кісінің еш төкпейді,
Қылар жақсы түймеден түйедейді,
Жөнін тауып әр істі жүйелейді.
Әділ би дұшпандарды дос қылады,
Жаман би дауына дау қайтарады.
Ұрысқанда жақсы би табыстырар,
Ақылменен жапсарын жабыстырар [7] .

Қазақ елі тарихында батыр, қолбасшы, рубасы (старшын), би, шешен, қоғам қайраткері, тархан, елші, мәмлегерлік қырымен танылған тарихи тұлға- Жәнібек Қошқаруұлы. Ол туралы мәліметтерді қолжазба қорынан, Ресейлік архив құжаттарынан, кездестіреміз. Қаһарман өмірі Ш.Ш. Уалиханов, М. Тынышпаев, Р.Б. Сүлейменов, В.А. Моиссев, А.И. Левшин зерттеулерінде сөз болады. Жәнібек хақында арнайы зертеу еңбектері де бар. Жоңғарлармен, қытайлармен болған шайқастарда ерлік көрсеткен қаһарман бейбіт өмір уақытында өз руының шаруашылығының қамын ойлаған азамат ретінде танылады. Бұған Олжабайдың Едіге бимен бірлесіп, 1761 ж. Екатеринаға жазған өтініш хаты дәлел бола алады [8, 74 б.].

Жәнібек батыр жөнінде Ы.Алтынсарин: «Ертеректе, қазақтардың дәстүрі бойынша қоғам қайраткері боламын дейтін жас жігіттер, сол кездегі белгілі ақылды, беделді адамдарға жиі барып, олардың білгендерін тындап, кеңестерін алады. Солардың бірі қазақ халқының белгілі өкілі Жәнібек Қошқаров» деп жазады [9, 65 б.].

Тақырыбымызға арқау болған М.Ж. Көпеевтің «Абылай аспас Сары бел» әңгімесінде Абылайдың тұтқынға алған Ботақан мен Жанайды Едіге мен Бекболат билер даулап, қарсы қол жинау үшін бес Мейрамның баласына ат шаптырып, қол жияды. «Абылайды шабамыз?» -деп. Күлік Шобалай баласы Жана батыр биге кісі жіберген екен: «Дәуегей болып жүрсін!» - деп. Жана батыр бидің қартайған кезі екен. Өзі бармай баласы Жанақты жіберген:

-Бекболат пен Едігеге сәлем де,
Ханын жаулаған қалмақ оңбаған,
Ханын шапқан қара онбайды деген.
Әділі би ұрыс қылмасын,

Бітім қылып жарассын.

Арашашы бол, - деп ұлы Жанақты қосты дейді.

Әңгіменің соңында Абылайдың айтқан сөзі:

-Жаңа батыр арашашыға қосқан ғой, олар құдай жаратқан шын би ғой. Қазақ ішінде ат шаптырған ас болса Жана батыр бидің босағасына түйе бастатқан тоғыз байлансын! – деп, даудың шешілуіне байланысты артынан риза қылып қайтарған екен [10, 198-200 б.]. Шобалай батырдан туған Жанабатыр би, ел Жәнке батыр деп те атайды екен. Өзі қартайғанша біреуден ақыл сұрамаған кісі екен. Онан туғаны доғалы оқты Жанақ әулие, бір туысқаны Қосақ, Торсықбай билер. Ел іздеп баратын, барса жолын табатын адамдар болған [сонда, 202 б.].

XVIII ғасырдағы шешендігімен, білгірлігімен көзге түскен батыр әрі биі – Сеңкібай Оразғұлұлы. Ел аузында ол жөнінде:

Би Сеңкібай кешегі,
Ерекше ер деседі.
Тіл біткеннің шешені,
Жауға бермес есені.
Әруақты – көшелі,
Қазақтың алғыр көсемі.

Белгілі батыр 1709 жылы қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында туып, 1786 жылы бұрыңғы Қызылтау жайлауында қайтыс болды. Сарыарқаның жер жаннатының бірі қасиетті Қарқаралы топырағында шамамен дүниеге келген «Сеңкібай» бабамыздың 17 жасынан бастап басына дулыға, үстіне сауыт киіп, қолына шашақты найза Абылай ханның қалын жасағымен бірге жоңғар шапқыншылығына бастап қарсы шыққаны, қан майданда жауды күйреткеннен кейін елге оралған ол қара қылды, қақ жарған батагөй би, дуалы ауыз әулие атанғаны туралы біраз әңгіме естіген едік.

Бөгенбай жасағының құрамында кейін қазаққа әйгілі болған би шешендер мен жыраулардың бірі, ақыл-парасаттылығымен, әділ-төрелігімен жұртқа танылған Сеңкібай еді. Тарихи шежіреде айтылғандай Бөгенбай батыр Орта жүзден жиналған он мың қолымен Алакөл шайқасына бара жатқанда жолшыбай Қарқаралының жарлы өзенінің бойына тоқтап, жасағын демалдырып, жүздіктерге, мыңдықтарға бөліп, әр-түрлі ұрыс-тәсілдерімен жаттығулар жүргізеді. Ы.Алтынсариннің мәліметіндегідей Жәнібек Қошқарұлы секілді ол да сол шақта Қаракесек руының қарт батыры Қожас ауылы жайлауда отыр дегенді естіп, әкесінің досына сәлем берейін және бата алайын деп арнайы іздеп барған екен. Қожас оның келгеніне өте разы болып үлкен қошаметпен қарсы алады. Қожас әулеті бай баласы Оразғұлға бірнеше арнайы үй тіктіріп, Бөгенбай батырға ерекше сый көрсетеді. Оразғұл ағайын арасында қайырымды, адамгершілігі мол, дәулетті кісі болыпты. Ел оны «Ожаң» дейді екен. Әсіресе, Ожанның үлкен баласы Сеңкібай қонақты күтуде өте бір ілтипаттылық, тапқырлық

көрсетеді. Бөгенбай жас Сеңкібайдың ақылдылығына шексіз риза болады.

Сенкібай қарт атасының тәрбиесінде болып, жас күнінен садақ тартып, найзаласуға, жекпе-жекке шығуға машықтанады. Сөйтіп, ат құлағында ойнап өседі. Он бес жасында ауыл арасындағы, ағайын ішіндегі реніш-қуаныштарына ортақ болып, даулы мәселелерге билік айта бастайды. Сенкібайдың әділдігі, ақыл-парасаты жас кезінен дараланып, ел көзіне түседі. Сенкібай биді жас кезінен-ақ жақсы білген Бөгенбай батыр оны жақсы көріп, ерекше құрметтеген екен. Кескілескен шайқастар артта қалып, бейбітшілік орнаған кезде, бір жолы Сенкібай би жолдастарымен түн-күн қатып жоғалған жылқыларды іздеп жүріп, қалын жұрт жиналып жатқан бір ауылға ат-басын тірейді. Жолаушылар жолыққан бір адамнан сұрастырып көрсе, бұл екі ел арасындағы егеске бітім айтылатын жиын екен. Және де арнайы тігілген сегіз қанат үйде Бөгенбай батыр да бар екенін естиді. Аттарынан түсіп, үсті-бастарын қағынған жолдастарына Сеңкібай: қарт батырға сәлем беріп шығайын деп үйге кіреді. Бөгенбай есіктен кіріп келе жатқан Сеңкібайды көре сала:

- О, Сеңкібай би келді, сапарын ақжолтай болғай. Жоғары шық, деп қолын алып амандасқан соң, оған оң тізесінен орын ұсынады. Үй толы ақсақалдарға біраз бағдарлай қол жіберіп, алған Бөгенбай оларға көтеріңкі үнмен:

- Мына келген кісі Қара-Шордың Сеңкібай деген биі. Бүгінгі жер даудың барлық шешіміне, бітіміне түгелдей сол иелік етсін, - дейді.

Сонымен танымайтын қалын жұрт алдында Сенкібай қазылық жасайды. Көп жылдан бері шешілмей келе жатқан жер-су дауын шешіп береді: Оның "қара қылды қақ жарған" әділ билігіне жиналған ел де, Бөгенбай батыр да риза болады.

Біз батырдың сауытын көре отырып, Сеңкен оны талай қиянкесті шайқастарда үстіне киіп, жауға ойсырата соққы бергеннен-ақ шығар деген ой құшағына енген едік. Абылай хан оның батырлығына, тапқырлығына сүйеніп, көріпкел киелілігіне риза болғандықтан барлаушылар мындығын басқарушы етіп тағайындаған, өзінің жақын серігі, соғыс кеңесшісі деп таныған. Ол Абылайдың қалын жасағындағы атақты оң батырдың бірі болған. Бұған ұлы Бұқар жыраудың мына толғауы да кепілдік ете алса керек.

Қалденменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Сондағы жолдас адамдар:
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шақшақұлы Жәнібек,
Сіргелі қара Тілеуке,
Қарақалпақ Құлашбек,
Тегіден шыққан Естербек,
Шапырашты Наурызбай,
Құдаменді Жібекбай қасында,
Бақ дәулеті басында
Сенкібай мен Шойбекбай.

Осылай жоңғарлар шапқыншылығы кезінде ел қорғаны болған Сенкібай батыр 77 жыл жасап, дүниеден өткен өмірінің екінші жартысында қара қылды қақ жарған киелі дем әруақты Биата атанған. Оның: «Батыр жауда, дана дауда білінер. Қуаншылық кетер, бел қалар, бектер кетер, ел қалар», деген даналық сөзі өзіне тән қасиет болып бүгінгі ұрпағына жетті [11].

Орта жүздің Найман тайпасынан шыққан, қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы қатысқан батыры, белгілі бидің бірі Боранбай Қалқаманұлы. Шамамен 1704 жылы дүниеге келіп, 1802 қайтыс болған. Жас кезінде Түркістанда ескіше оқыған. Тарихи-әдеби деректерде Боранбай мен Қаракерей Қабанбай есімдері қатар жүреді. Ол қазақ хандығының тәуелсіздігі мен ел бірлігінің жолында Абылай хан жүргізген саясатты жүзеге асыру ісіне үлкен үлес қосады. В.В. Веляминов-Зерновтың еңбектерінде Кіші жүздің қазақ тапқан ханы Әбілқайырдың орнына таққа оның ұлы Нұралыны отырғызуға мұрындық болып, Орынборға барып қайтқан сегіз бидің бірі осы Боранбай екендігі айтылады. Кезінде Арғын-Найман арасындағы жер дауының әділ шешілуіне ықпал еткен. Боранбай биді Бұқар жырау, Көкбай ақын жырға қосқан. Оның көсемлігі мен шешендігі, батырлығы жайлы ел жадында: «Кім ұқпас Наймандағы Боранбайды, Бес Байыс Боранбайлап ұрандайды. Қазақтың ұран шықса қаны қызып, Ер жігіт өз үйінде тұра алмайды», немесе «Найманға би Боранбай билік айтып, Артына аруақты болған ұран. Тұсында Абылайдың ақылшы боп, Серік боп ордасына қызмет қылған» деген көптеген өлең-жырлар қалған [12, 89 б.].

Бұрынғы Қызылкесік ауылы (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы) «Би Боранбай» ауылы деп аталады.

Орта жүздің Найман тайпасының Қаракерей руынан тарайтын тағы бір батыры, биі Әділбек Жақасұлы. Қабанбайдан кейін Қаракерейді сұраған биі осы Әділбек екен. Әділбек өте сесті Адам болыпты, ол дүнген Борабатыр, Балабатырмен бірге жоңғарларды қуып, Қараемілге келгенде, Әділбек келіп қалды дегенді естіп, жоңғарлардың жиырма неше еркегі өздігінен секіріп қара суға түсіп өлген екен дейді. Ақын Сараның

«Қожағұл, Әлі, Жақас, ер Әділбек,
Сүлеймен оның ұлы шықты соңнан»,-

деген адамдары міне осылар еді [13, 53 б.].

1983 жылы «Жұлдыз» журналының 12 санында Әділбек туралы мынадай бір қызықты дерек те кездеседі: хан Абылай қартайып орнына қалмақ әйелінен туған Қасым төрені хан сайламақ болып Орта жүздің білікті адамдарын жинайды. Жинаған Қаракерей біліктілері, оның ішінен соқыр абыздың баласы Әділбек би де келеді. Тәкаппар Қасым:

-Аттылыға жол, жаяулыға сөз бермей отырған кім, - дегенде Әділбек би жұлып алғандай:

-Менің атым Әділбек,
Сөйлер сөзім, әлім көп.
Жан-жағына қарашы
Хан бір адам, қара көп.
Хан сайласан Қасым-ау,
Орта жүздің ішінде
Сендей-сендей бала көп.
Атаң Абылай шақырды,
Хан сайла деп Қасымды,
Уа, сайламаймын Қасымды,
Болмай жатып басынды.

Осыдан кейін Қасым төре Ақжол Айтбай батырмен сөзге келіп, кейіннен жеңілгенін мойындайды. Соңында Орта жүздің игі жақсыларымен хан тағына Абылайдың үлкен ұлы Уәлиді хан сайлаған екен.

Абылай заманында ақындығымен танылған белгілі қолбасшы батырлардың бірі Әлтеке Жидебай батыр. М. Әбдуіов мақаласында оның майдандағы ұрыс тағдырын шешетін, әрі қосымша тың күш ретінде ұсынылатын 5000 қолды басқарғаны айтылады. Ата-тегін тарата келсек Мәшһүр-Жүсіп нұсқауы бойынша Қаракесек – Түйте – Майқы – Әлтіке – Дос – Қожаназар – Жидебай.

Ресми жазба деректер әлі кездестірілмегендіктен нақтылы қай жылдары өмір сүргенін айту қиынға соғады.

Жасымның жүзге келгені
Алты алаштың алғысы,
Қос жанардың сөнгені
Қарақожаның қарғысы, - деген Жидебай сөзіне сүйене отырып, М. Әбдуіов 1700-1800 жж. өмір сүрген деп топшылайды.

Ал Т. Ақышев оны 1713-1815 ж. аралығында өмір сүрген деп есептейді.

Жидебай батыр болғаным –
Абылай ханның батасы,
Жоңғар ханды жеңгенім –
Қабанбай мен Бөгенбайдың арқасы.
Жасымның жүзге жеткені –
Мұсылманның алғысы,
Екі көзімнің кеткені –
Жоңғарлардың қарғысы, - деген сөзін келтіріп, Жидебай жасы жүзден асқанда қайтыс болған деп тұжырымдайды.

Мәшһүр-Жүсіп қолжазбасымен Т. Ақышев, Н. Әбдуов зерттеулеріндегі мәліметтерді жинақтай қарастырсақ, Жидебай Қожаназарұлы Сыр бойындағы Қаратау өңірінде туып, Сарыарқадағы Қарқаралы сыртындағы Қызылтауды ағатұғын Шеркбай - Нұра өзені бойында дүниеден өткен. [8, 89-90 бб.]

XIX ғасырдың ел қорғаны болған бізге белгіл батыр билерінің қатарында Базар, Әлібек және Әлжібай батырлар. Базар Есұлы – Орта жүз құрамындағы Арғын тайпасының Қуандық руынан шыққан. Ақмола өңірінде дүниеге келіп, қазіргі Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданында қайтыс болған. Әкесі Ес батыр, шешесі Мамай батырдың қарындасы. Базар Кенесары ханның қозғалысына қатысқан батыр, ақын.

Көтерілісшілердің жеке қолын бастап, ханның жауапты тапсырмаларын орындаған екен. Халық арасында Базар батырдың: «Тасыма жігіт, тасыма! Күшігіндей сақылдап, күлгенін не досына? Жақсылыққа қуанып, жамандыққа жасыма, өле-өлгенше тұрмайды жақсылық пен жамандық бір кісінің басында» деген өлең жолдары жақсы сақталған [12, 50 бб.]

Әлібек Зілқараұлы (шамамен 1815-1876) – би, батыр. Ақан серінің өкіл әкесі. Арыстан, Біржан, Орынбай ақындармен дос болған. Әлсіздерге қорған болып, әділеттілігімен аты шыққан. Озбырлардан жапа шеккен Әлібекке келіп паналаған. Ақан сері Әлібек өлгенде көпке белгілі «Қараторғай» өленін шығарған. «Арысым, ел қорғаны батырым-ай, Айырылдым қапияда сенен не ғып?! Тәңірдей сыйынарым Әлекем-ай, жүрегісін аруағын мен елді қорғай» деген жолдары Әлібекке арналған. Әлібектің Біржанға айтқаны: «Батыр жүрегін еліне береді, жанын құдайға береді, ал намысын ешкімге бермейді» [сонда, 48 бб.]

Әжібай Қарпықұлы (1791-1866) – би, батыр. Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілістің белсене қатысушысы. Кенесары Орынбор және Батыс-Сібір губернаторлық жеріне (Ұлытау, Ырғыз-Торғай) тұрақтай алмай, оңтүстікке қарай ойысқанда, Ресей үкіметінің қысымы мен қуғынына ұшыраған Әжібайдың елі де Сарыарқадан Сыр бойының Қоқан хандығына қараған Шиелі қыстағының маңына көшіп барған.

Әжібайды Қоқан ханы өз руының датқасы етіп бекіткен. Әжібай датқа Арқадағы ағайындарымен қатынасын үзбей, белгілі би ретінде олардың дауларына араласып, рулар арасында ежелгі қазақ заңымен реттестіріп отырған [сонда, 41 б.].

Жігітке жеті өнер аз демекші ел қорғаны болған батырларымыздың қолбасшылық, ерлік, соғыс өнерін меңгергендерімен қоймай, бетпе-бетке келгенде ақындық алғырлығымен, шешендік тапқырлығымен, екі ауыз сөзді кесіп айтатын би атанғандары аз болмады. Әр тұлға өз заманының жаршысы, бұқара халықтың сүйеніші. Бірі батыр, бірі ақын деп бабаларымызды бөліп жармай, біз тек олардың үлгі тұтар өнегелерін көрсету, барымызды бағалау, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бекмаханов Е.Б. К вопросу о социальной природе батыров // Вестник АН КазССР. - 1947, №8.

2. К. Есмағанбетов. Батырлар тарихы – рухани байлығымыз. // Қазақ тарихы, 2007, -№4, 65 б.

3. Степное царство. . http://www.baiterek.kz/index.php?journal=8&page=69

4. Оразбаева А.Н. Қазақ қоғамындағы билер институтын зерттеудің теориялық-методологиялық мәселелері. // Саясат. – 1998 ж. №8.

5. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы: «Санат». 1994. 236 б.

6. Халид Қ. Тауарих хамса: (Бес тарих) (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 21-ші том). –Павлодар: ҒОФ «ЭКО», 2006, 284 б.

7. Женісұлы С. «Ердің құны екі ауыз сөз». (Қазақ билері мен шешендерінің ерекшеліктері мен түрлері жайында). Тарихи тағылым. // Заң газеті. – 2001. – 3 қазан.

8. Е.Қ. Жүсіпов Мәшһүр-Жүсіп – тарихшы. (Оқу құралы) С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2002, -178 б.

9. Алтынсарин Ы. Этнографиялық очерктер және ауыз әдебиет үлгілері. 13 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒОФ, 2006. – 166 б.

10. М.Ж. Көпейұлы Шығармалары. 8 том. Павлодар: «ЭКО» ҒОФ, 2006. -452 б.

11. Бақытжан Тобаяқов. Сеңкібай батыр // Қазақ батырлары. 1999 ж. -№4 (9).

12. Қазақ Батырлары. Құраст. Қ. Табылдиев. Астана: «Фолиант», 2008 ж. – 360 б.

13. Зейнолла С., Бейсенғали С. Қаракерей Қабанбай (Аңыз, зерттеу, қиссалар). – Алматы: «Жазушы», 1991 ж. – 176 б.

Қ.Ш. КЕМЕЛОВА

ӘОЖ 739.2

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі
Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылы

ЗЕРГЕРЛІК ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАСИЕТІ ЖӘНЕ ӨҢДЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Ювелирное искусство – своеобразный вид казахского традиционного ремесла. В статье раскрываются свойства и некоторые методы обработки ювелирных украшений.

Jeweller art an original kind of the Kazakh traditional craft. In article properties and some methods of processing of jeweller ornaments reveal.

Ұлттық мәдениетіміздің тарихында зергерлік өнері ерекше орын алады. Мәдени мұрамыздың ең негізгі түрі зергерлік өнері болса, ол халқымыздың көне заманнан бері келе жатқан материалдық мәдениет дәрежесін, рухани мәдениетін бейнелейді.

Зергерлік өнері тарихи-этнографиялық деректерге қарағанда, бұдан бірнеше мыңдаған жылдар бұрын пайда болғандығы ақиқат. Оның пайда болуы және дамуы асыл тастарға, түсті металдарға байланысты десек, археологиялық деректер бірнеше жүздеген, мыңдаған жылдар бойында қазақ даласында мыс, қалайы, күміс, алтын және тағы басқа түсті металдар өндіріліп келгендігін білеміз. Анығырақ айтсақ, біздің заманымыздан бұрынғы IY-ші мыңжылдықтың аяғы, яғни, энолит дәуірінде Орталық Қазақстанда кен өндіріле бастаған [1]. Сондай-ақ академик Қ. И. Сәтпаевтың айтуынша, көне Жезқазғанда мыс рудасы өндірілген. Ал, археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде де зергерлік өнердің жоғарғы сатыда болғандығын байқаймыз. Мысалы: біздің заманымыздан бұрынғы IY ғасырға жататын, Алматы облысындағы Есік обасынан табылған Алтын киімді адам және оның бойындағы сақтардың жануар стилінде жасалған алтын әшекейлер комплексі дүниежүзілік маңызы бар керемет оқиға болған.

Бұл туралы мағлұматты К. Ақышевтың ғылыми еңбектерінен көруге болады. Бұл табылған заттар зергерлік өнерінің қазақ жерінде өте ерте замандарда пайда болып, қазіргі заманымызға дейін жеткендігін дәлелдеп береді. Енді осы қазба жұмыстары кезінде табылған заттардың соңғы кездегі қазақ зергерлерінің қолынан шыққан әшекей бұйымдарына ұқсастығы жоқ деп

айтуымызға болмайды, себебі керісінше көне замандағы қазақ халқының қолөнерінің XIX – XX ғасырлардағы зергерлік өнерімен тығыз байланысты екенін көреміз.

Көптеген этнографтардың ғылыми зерттеулеріне қарағанда зергерлік әшекейлер о баста сән-салтанат үшін емес тұмар ретінде пайдаланылған. Мысалы: аңдардың сүйегі, тістері, тұяғы бүркіт, үкі секілді құстардың аяғы т.б. киелі деп саналып, олардан моншақ, білезік, алқа, сырға т.б. заттар жасаған. Ал кейінірек түсті металдарды өңдеудің шығуына байланысты тұмар қызметін атқаратын бұйымдар мыстан, күміс пен алтыннан соғылып, асыл тастармен безендірілетін болды. Жоғарыда айтып өткен зергерлік әшекейлердің о баста тұмар қызметін атқарғандығына көзмоншақ, үкі аяқ, жыланбас т.б. сияқты бұйымдар дәлел болады [2].

Тарихи дамуымыздың белгілі бір кезеңдерінде түсті металдардан (алтын, күміс, мыс т.б.) сәндік әшекей бұйымдарды жасап, асыл тастарды сол жасалған бұйымдарға «көз» етіп орнатты. Біздің материалдық мәдениетімізден Қазақстан жерінде игерілген алтын, күміс сияқты түсті металдар, қолданысқа еніп жүрген асыл тастардың қасиеті туралы наным-сенімінен төмен тұрды. Былайша айтқанда, інжу көз қарашығын шел басудан, көз сүйелінен, ал маржан көз дуаның әсерінен немесе азғындаушылыққа ұрынудан сақтайды, салғырт-дүр (янтарь) тамақ ұрасы мен жемсаудың ісігін басады деген сенімде болған. Сондай-ақ құлпырма тас көз тиюден қорғап, адам баласын дұрыс жолға бастайды десек, ақық мол бақыт әкеледі деген пікірлер қалыптасқан. Және сердоликті (қызыл, сары түсті асыл тас) әшекейдің сәндігі үшін емес, оны тақса көз сұқтан да сақтайды деп түсінген. Халқымыз ежелден күмістің адамға әсер ететін айрықша бір қасиеті бар деп білген. Мысалы: күміс жүзік тағумен ғана шектелмей, нәрестені шомылдырғанда да суға күміс теңге тастап: «баланың күні күмістей жарық болсын» деп жоралғы жасаған. Кәдімгі сырғаның өзінің де әуел баста кісіге медеу беретін киелі қасиеті бар деп қабылданып, ежелгі замандардан бері қарай оны қыздарға кішкентай кезінен тағатын болған. Жалпы асыл тастың қасиетіне сенушілік біздің тұрмысымызда әлі де болса сақталып келеді.

Осымен қатар асыл тастардың қасиетіне деген наным-сенімнің жоғары болғандығын атақты саяхатшы Н. М. Пржевальскидің ғылыми зерттеулерінен көруге болады. Мысалы: түркістандықтардың нефритті қас немесе қас тасы деп атағандығын сол тас қондырылған білезік өлген адамның қолына тағылса, оның денесі шірімейді-міс деген сенімнің болғандығын айтады [3].

Сонымен қазақ халқының өткен дәуірлерінде адамдар тұмарды ғажайып бір күш иесі, осы бір киелі зат күш-қуат береді, бәле-жаладан, көз-сұқтан, төтенше қауіптен сақтап қалады деп түсінген. Уақыт өте келе, яғни

қазіргі таңда зергерлік бұйымдардағы танымдық-сенімдік сипаты көмескіленіп әшекейлерді бірыңғай сәндік түрғыда пайдаланатын болды. Зергерлік әшекей бұйымдарының тарихына, қасиетіне, көздеріне қондырылған асыл тастарға тоқталып өттік. Енді осы зергерлік бұйымдарды жасауда халық шеберлері, зергерлері өте көп болған десек, осы ұсталардың жасайтын бұйымдары көптеген зергерлік тәсілдерді талап еткен.. Соның ішінде кеңінен пайдаланатын тәсілдер: алтынмен аптау, күміспен күптеу, сымға тарту, отқа қыздырып соғу, балқытылған металды қалыпқа құю, кептеу, тынықелеу, қаралау, сымкәптеу, сіркелеу, жұқа күміс әшекейлердің астынан бедерлі қадаубастар мен батыра ұрып бедерлеу, бізбен безеу, күмістеу, алтындау, дәнекерлеу, оймыштау, асыл тастардан көздер орнату және тағы басқалар.

Зергерлердің күміс бетіне алтын жалатып әшекейлеу тәсілі біздің тілімізде алтынмен аптау деп аталады. Оның мәнісі мынадай: таза алтыннан зергерлер әртүрлі әшекейлерді қалыпқа құйып жасайтын болған. Дегенмен, бұл тәсілді барлық адамның қаржысы көтере бермейтін. Осыған байланысты күміс әшекейлердің бетіне алтын жалату немесе қақталған өте жұқа алтынмен көркемдеу өте жиі кездесетін. Зергердің бұл тәсілі алтынның аз кетуіне мүмкіндік береді. Аптау үшін сынаппен араластырылған дәнекер себілген күміс бұйымның бетіне алтын ұнтағы қоса себіледі де, ол отқа қыздырылады. Сол кезде себілген алтын түйіршіктерінің ұнтағы жылдам ериді. Еріген алтынды түтікпен үріп, күміс бетіне түгел жаяды. Бұл тәсілді зергерлер «алтынмен аптау» деп атаған.

Тілімізде жиі қолданылатын зергерлік тәсілдің бірі – күміспен күптеу. Күміспен күптеу әдісінің себебі, алтынға қарағанда күмісті табу оңай болғанымен, зергерлер күмісті де ысырап етпеуге мән берген. Зергерлеріміз кейбір әшекейлер мен тұрмыс бұйымдарының бөлшектерін темірден жасап, оның бетін қақталған жұқа күміспен қаптайды. Әшекейлеудің осы тәсілін «күміспен күптеу» деп атаймыз. Күптеу деген тәсіл, негізінен күміске байланысты жұмсалады.

Алтын, күміс материалдарын жіңішкертіп бір қалыпқа салып созу арқылы сым дайындалады. Зергерлер сымға тарту арқылы алтын мен күмісті шаштай болғанша жіңішкерте алатын болған. Жіңішкертетін қалып сым деп аталады. Сонда бұл атау толық түрінде сымға салып тарту болып шығады.

Зергер теңгелер мен жамбыларды балқытып құю арқылы өзіне қажетті мөлшерде күміс кесектерін дайындап алатын болған. Оны отқа қыздырып, төс үстінде оны балғамен жайлап соғу арқылы әртүрлі зергерлік бұйымдар жасауға немесе күміс кесегін әбден қаатап, жұқартқан соң қиып, темір әшекейлер бетінде күмістеуге болады. Құйма бұйымдарды жасау үшін күміс кесектерін шойын ожауда балқытып, арнайы қалыптарға құяды, содан ол

суыған соң өңдеуге кіріседі. Қалып, әдетте, иі қанған балшықтан жасалып, алдын-ала мұқият кептіріледі. Құю әдісімен тек күміс бұйымдар ғана емес, сонымен қатар мыс, жез, қола, қалайы және қорғасыннан неше түрлі заттар жасалады.

Қазақстанның орталық, оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарында жиірек кездеседі. Зергерлердің айтуынша, тынықені көбінесе шыны үгіндісін еріту арқылы алады екен және оны күміс бұйым бетіндегі бізбен безенген іздерге құйып, суығаннан кейін егеумен тегістеп өңдейтін болған. Бұл тыныке жүргізу әдісімен Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар өңірінен шыққан зергерлеріміздің жасаған көптеген бұйымдарынан көруге болады.

Күміс бетіне қарала жүргізуді қазақ зергерлері ертеден білген. Әсіресе, Қазақстанның батыс, солтүстік, солтүстік-шығыс және орталық, Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде қаралау тәсіліне көп мән берген. Жазба деректерге қарағанда, Батыс Қазақстан өңірлерінде кавказ зергерлерінің өнері XIX ғасырдың бірінші жартысында келе бастағанға ұқсайды. Бұған қосымша қазақ этнографы Э.А.Масановтың зерттеулері бойынша, күміс бетіне қарала жүргізу өнері Орта Азия зергерлеріне XIII-XYI ғасырдан бері белгілі екен. Сонымен қаралау тәсілін қазақ зергерлері кавказдықтар әсерінен, яғни XIX ғасырдан әлдеқайда бұрын білгендігін дәлелдеген [4]. Оның үстіне қазақ зергерлерінің айтуынша, олар қараны өздері жасаған. Оның құрамы күміс, мыс, қорғасын және күкірттен тұратын көрінеді. Бұл құрамдардың ара салмағы әр түрлі болады. Мәселен, күміс пен мыс бір-бір есе болса, қорғасын мөлшері күмістің жартысына тең болады, күкірт металдардың балқуына байланысты көз мөлшерімен қосылады екен. Осы құрамды шойын ожауға салып ерітіп әбден араластырған уақытта қап-қара қоймалжың пайда болады. Мұны көбінесе осы күйінде қара жүргізетін күміс бұйымның бетіне жағып, суытады.

Сымкәптеу тәсілімен әйелдерге арналған қапсырма, шолпы, түйреуіш, білезік сияқты шағын күміс әшекейлер жасалады. Ол үшін таза ақ күмістен жіңішке сымдар арнайы темір қалып арқылы соғылып, сол сымдардан осы атап айтқан әшекейлер жасалады. Әдетте, күміс сымдарды төске салып жазады, содан кейін оларды арнайы жасалған күміс шеңбердің ішінде, арасынан саңылау қалдыра қырынан қатарластыра орналастырып, ұштарын шеңбердің ішкі жиегіне дәнекерлейді. Мұндай әшекейдің дәл ортасына асыл тастардан көздер орнатады. Негізінен, сымкәптеу әдісімен жасалған әшекейлер неше түрлі бағалы тастармен үндесіп, әсем көрінеді. Сымкәптеу тәсілімен жасалатын әр түрлі күміс әшекейлер Қазақстанның барлық өңірлерінде де кездеседі. Соған қарағанда қазақ зергерлерінің бұл бұйымның сымкәптеу әдісімен жасалуын жете меңгерген деп санаймыз.

Оларға қоса кеңінен тараған өңдеу тәсілінің бір түрі «күміс

жабу». Бұл үшін жұқалап қақталған күмісті торланған темір бетіне тұтас жауып, үстінен тағы да балғамен ұрып жабыстырады да бетін егеумен тегістейді. Ал кейбір шебер зергерлер мүсәтір қолдану арқылы балқытылған күмісті торланған темір бұйымдардың бетіне жалату әдісінде білген [5].

Көз орнату – жүзік, білезік, сырға, өңіржиек сияқты әшекей заттарға асыл тастардан тас орнатуды айтамыз. Кейде асыл тастың орнына шыны пайдаланған. Көз зергерлік өнерімізде екі түрлі мағынада жұмсалады: 1) сәндік бұйымдарға қондырылған асыл тас, шыны: 2) тасты бекітетін ойық, ұя. Көз дегеніміз асыл тас болғандықтан асыл таспен әшекейленген зергерлік бұйымдар көзді жүзік, көзді білезік, гаухар көзді сырға және т.б. деп аталатын болған.

Қазақстанның түкпір-түкпіріне кеңінен таралған зергерлік өнерімізбен әуестеніп, осы тәсілдерді қолдана білген зергер-ұсталарымыз көп болған деп айтып өттік. Мысалы: Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданының зергері Тоқышева Тәжбен, Отырар ауданының зергері Тегісов Арын сияқты азаматтардың зергерлік бұйым жасаудағы құрал-саймандары музей қорында сақтаулы тұр. Біздің Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қор сақтау бөліміндегі зергерлік бұйымдарға зерттеу жүргізу нәтижесінде, жоғарыда айтып өткен тыныкелеу, қарала жүргізу және сымкәптеу тәсілдерімен жасалған зергерлік бұйымдар оның ішінде сырға, білезік, сақина, жүзік және тағы басқа әшекейлер көптеп кездеседі.

Негізінен, қазақ зергерлерінің ісі әйел әшекейлерін жасауға байланысты болса, сол әшекейлердің ең басты-бастыларына жеке-жеке тоқталып өтсек артық болмас.

XX ғасырдың ортасында біздің Оңтүстік өңірімізден табылған зергерлік бұйымдарымыздың ішіндегі музей қорында сақталған әшекейлердің көпшілігі білезіктер мен жүзіктер, я болмаса сақиналар.

Енді сол музей қорындағы зергерлік әшекейлердің бірі – білезік. Оны қыз-келіншектер де, орта жастағы әйелдер мен кәрі апа-әжелер де салады. Білезік көбіне күмістен, кейде таза алтыннан да жасалады. Тек күмістен соғылған білезіктердің өзі Қазақстанның әр өңірінде әр түрлі болады. Білезікті әдетте сыңар қолға, немесе екі қолға екеуін, кейде бір қолға екеуін бірден тағатын болған. Білезіктің жасалу үлгілеріне қарай түрлері өте көп. Осы арада біздің Отырар археологиялық қорық музейінің қорындағы сақталған құнды жәдігерлер қатарына жататын білезіктерді айтсақ..Екі-үш бөлшектен құралған, ал ашпалы-жаппалы түрін қақпақ білезік дейді. Иіліп істелетін жұмыр білезіктердің екі қоспасын кигенде жыланның бас пішініне келтіріп, ортаңғы бөлігін жуандау етіп жасайды. Жұмыр білезіктер әдетте тартымды, әрі сымбатты болып келеді. Формасы XX

ғасырда қалыптасқан сағат білезіктер түр ерекшелігі мен қызықтырады. Қыздарға тағу үшін нәзік те сымбатты өрнектеліп жасалатын жұқа селдір білезіктердің іс-мәнері де арнайы атап өтуге тұрарлық. Бұған қоса, Отырар өңірінен табылған асыл тастардан көз қондырылып, қалыптама, ширатпа, бедерлеме әдісімен жасалған қос білезікті айтуға болады. Олардың негізі күмістен жасалады да, сырты алтындалып, әр үзбенің үстіне әртүрлі тастардан көздер орнатады. Мұндай білезіктерге жиі қолданылатын тастар ақық, перезе, ағат, маржан т.б. Сондай-ақ., осы келтірілген білезік түрлерінің әрқайсысының ішінде айтарлықтай өзгешеліктер байқалады. Осы өзгешеліктердің нәтижесінде, әр атырапта көптеген шеберлер мектебінің болғандығының дәлелі.

Қазақ зергерлерінің өте көп жасайтын әшекейлерінің бірі - әйелдерге арналатын әртүрлі сақиналар мен жүзіктер болған. Сақинаның жасалуы жүзікке қарағанда оңай. Өйткені сақинаның жасалуы сыртына шапқымен шеку, бізбен безеу әдісімен орындалатын қарапайым ою-өрнектерден басқа ештеңе жүргізілмейді, кейде тіпті, ешбір ою-өрнексіз жасалатындар да аз емес. Ал жүзік жасау анағұрлым күрделі. Жүзіктің көздеріне зергерлер дайын күйінде сатып әкелінген мынандай тастарды пайдаланған: теңбіл тас (сланец пятнистый), су тас (хрусталь), көк тас (малахит), құлпырма тас (перламутр), құбыл тас (александрит), дүбіржат (изумруд), жақұт (яхонт), лағыл (рубин), жарқырауық тас (самоцвет), гаухар (бриллиант), ақ тас [6[.

Сондай-ақ асыл тастармен қатар, күмістің өзінен де көз, балдақ, отау, құстұмсық орнатылады. Бұл қосымша мүсіндер жүзік сақинасының үстіңгі жағына дәнекерленеді. Құс тұмсық өрнегі үлгісіндегі жүзіктерде өрістеу, өркен жаю идеясын білдіреді. Беті шиыршық өрнекті бүдірлі болып келетін отау жүзікте, құс тұмсық жүзікте ортасынан қондырылған тасы тасбақа үлгісінде болатын тасбақа жүзік те сақинаның айшықты түрлерінің бірі. Жалпы жүзіктердің құйып, қақтап, соғып, шекімелеп, қара-алалап өрнек түсіретін, эмальмен жалатпалап, қалыпқа құйып жасалатын түрлері өте көп.

Басқа өңірлердегідей, Қазақстанның оңтүстігінде, Отырар ауданындағы музей қорында да құдағи жүзік деп аталатын құнды, өте көлемді және аса сәнді жүзік сақтаулы. Бұл жүзіктің беткі көлемі міндетті түрде, алтындалып әсемделеді. Мұның құдағи жүзік аталу себебі бар. Әдетте, оны ұзатылған қыздың енесіне бір жылдан соң тарту ету үшін арнайы жасатады. Құдағи жүзік жаңа түскен келініне аналық мейірім шуағын төге білген парасатты құдағиларға сыйға тартатын дәстүрлі сыйлық болған.

Әйелдердің құлаққа салатын сырғалары әркелкі болып жасалады.

Сырғаны бойжеткен қыздар да, келіншектер де таққан. Ал, жасы келген әйелдердің сырғалары болғанымен, оны құлақтарына тақпаған. Себебі, революцияға дейінгі қазақ әйелдері жаулық тартып, кимешек киген. Кимешек құлақты жасырып тұратындықтан, сырға тағудың қажеті болмаған. Сырғаның айшықты сырға, ай сырға, тұмарша сырға, салпыншақты сырға, қозалы сырға, тасты сырға, алтын сырға, күміс сырға, қара-ала сырға, иықты сырға, қоңыраулы сырға, күмбезді сырға, сояу сырға деп аталатын түрлері бар. Сырғалардың атаулары, негізінен, олардың сыртқы көрінісіне, қандай металдан жасалғандығына немесе жасалу тәсіліне қарай қалыптасқан.

Зергерлік бұйымдардың тағы бір түріне келетін болсақ, бойжеткен қыздар шолпы тағатын болған. Шолпыны күміс теңгелердің бірнешеуін бір-біріне кішкене шығыршықтар арқылы жалғастырып жасайды, ең үстіңгісіне күміс шынжырдан немесе матадан ызылған бау тағады. Бауды бұрыммен қоса өріп қояды. Шолпыны сән әшекей ретінде, сондай-ақ оның салмағының әсерінен шаш ұзын болып өседі деп таққан. Мұны байлықтың, баршылықтың белгісі деп те санаған. Қазақ салтында шолпыны қыздар мен жас келіншектер таққан, ал егде тартқан әйелдерге ерсі болса керек. Шолпылардың жалпыға бірдей ел арасына көп тараған түрлері көпақ. Мысалы: қоңыраулы шолпы, қозалы шолпы, қос үзбелі шолпы, көзді шолпы, көп үзбелі шолпы, сағат баулы шолпы, маржанды шолпы, шаш теңге тағы басқалар. Бұлардың түрлері мен әшекейлері әр түрлі болуымен қатар, істелу әдістері де әр қилы. Әр жердің шеберлері өзінше мәнер (стиль) ұстанады.

Қоңыраулы шолпы – біріне бірі тізбектелген бірнеше ромбы бейнелес күміс құтышалардан құралады да, олардың ішіне шылдырмақтар салынады. Құтышалардың сырты әр түрлі өрнектермен безендіріледі. Қоңыраулы шолпылардың әрбір детальдарын ұстап тұратын алтын, күміс алақандары бар. Құтышалар мен салпыншақтар көптігіне, біріне бірі төгіліп, ажарланумен қатар шылдырлап, сыңғырлап дыбыстар шығарып тұрады.

Қозалы шолпылар да негізінен алақан төңірегіне үзбеленген ромбы, тұмарша, домалақ қозалардан құралып, көптеген салпыншақтардан тұрады.

Үзбелі, қос үзбелі шолпылар көбінесе арналып соғылған әшекейлі шаш теңгелерді, ақша теңгелерді бірінебірін жалғастыру арқылы жасалады.

Көзді шолпылардың да алақандары екеу, не үшеу, төртеу болып, әр түрлі сопақша табақшалардан құралады. Табақшалар көбінесе жіңішке сым күмістерді, алтындарды өрмелеп, ернеулерін ескен алтынмен көмкеріп, ортасына асыл тас орнату арқылы ажарландырады.

Сағат баулы шолпылар көбінесе алақандары геометриялық бұрышты,

жалпақ алтынмен, күміспен өрнектелген, көзді не көзсіз табақшалардан тұрады. Осындай екі, үш, төрт табақшалар өте жіңішке алтын, күміс сағат баулармен жалғасады. Мұндай шолпылар әсіресе Шығыс Қазақстанда көбірек кездеседі.

Қазақ әйелдерінің сәндік бұйымдарының тағы бір тамаша үлгісі – алқа. Алқаның аса көркем күрделі үлгісі Қазақстанның батыс және оңтүстік батыс өңірінде кездеседі. Оны өңіржиек деп те атайды. Бұл алқалар бір-біріне шығыршық арқылы жалғасады да, бірнеше төрт бұрышты әшекейлерден құрастырылады. Әр әшекейдің ортасына, жиектеріне асыл тастар орналастырылады. Мойынға тағып жүретін әшекейдің бірі – тұмарша. Оны шебер зергерлер күмістен бұрыштап, не түтікше тәрізделдіріп жасайды. Оны мойынға тағатын етіп, әсем шынжыр бау тағады. Бұлардың іші қуыс болады, онда дұға сақталады. Осы іші қуыс бұйымдардың бұл түрлерінің екі бетіне де өрнек қалыптау арқылы түсіріледі. Тұмаршаның үш бұрышты ортаңғы бөлігі шығыңқы жасалады да, үстіне түрлі-түсті шыныдан немесе асыл тастардан көз қондырылып, жиектері қара ала немесе тыныке нақышпен көмкеріледі. Қалған жеріндегі қалыптау арқылы ойық түсірілген алтын жалатпалы бөлігіне біріне-бірін тізбектей сыртын зерменен бекітіп, ұсақ ақық көздер орнатылады [7].

Ендігі бір зергерлік өнер туындылары – кісе, кемер белбеу. Кісе – жасы келген еркектерге арналып жасалады. Кісені сырт киімнің сыртынан буынады. Сондықтан, олардың ұзындығы 1,5 – 1,8 метр, ені 4 – 5 см шамасында болады. Мұндай кіселер негізінен қалың былғарыдан екі қабатталып жасалады да, сыртына күмістен, алтыннан, асыл тастардан әр түрлі әшекейлер орнатылады. Орта жастағы жігіт ағасы болған сал – серілер кезінде камзол сыртынан кемер белбеулер буынған. Кемер белбеу адамның белін бір ғана орайтындай қысқа болады. Екі ұшына темірден қапсырма орнатылады, сырт жағының өн бойы күміс, асыл тас әшекейлерімен безендіріледі. Мұндай белдіктерді әйелдер де пайдаланған. Еркектерге арналған кемер белбеулердің негізі жібек, барқыт немесе шұғадан жасалады. Кісе болсын, кемер белбеу болсын олардың өн бойына орнатылатын күміс әшекейлердің беті ою өрнектермен безендіріліп, кейде алтынмен де апталады. Жоғарыда келтірілген деректерге қарағанда, революцияға дейінгі қазақ зергерлерінің ісі нағыз өнер деңгейіне көтерілгендігін байқаймыз. Ендеше олар жасаған бұйымдардың ең тәуір үлгілерін бүгінгі зергерлеріміз өз өмірінде, өзінің қажетіне пайдаланса, құба-құп болар еді.

Қорыта айтар болсақ, ертедегі қазақ зергерлерінің зергерлік әшекей бұйымдарын жасауда, әрбір бұйымның көркемдік стилі дәстүр тұрақтылығы мен сәндік ұстамдылығын сақтай

отырып, қарапайымдылыққа ұмтылдырғанымен ерекшеленеді. Бүгінге дейін ұлттық мәдениетіміздің тарихында зергерлік өнеріміз ерекше орын алады. Мәдени мұрамыздың ең негізгісі болып саналатын зергерлік бұйымдарымыз халқымыздың өткен кезеңіндегі рухани мәдениетін, тұрмысын, салт-дәстүрін бейнелейді. Сондай-ақ жоғарыда айтып өткен бұлардың бір сыпырасының қазіргі дәуірімізде өз маңызын, қажеттілігін жоймағандығы ақиқат. Ал, біздің мақсатымыз ежелден келе жатқан мәдени мұрамыз болып саналған зергерлік бұйымдарымызды қазіргі таңда да дамыта отырып, жер жерлердегі халық шеберлерінің қолынан шыққан өнегелі істерін халқымызға насихаттап, қолөнер бұйымдарымыздың туындыларын сақтап қалу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А. Х. Маргулан. Джезказган – древний металлургический центр (городище Милыкудук). Археологические исследования в Казахстане. Алма-Ата, 1973-7 стр.

2. Р. Н. Шойбеков. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы «Қазақстан» 1993-5 б.

3. Н. М. Пржевальский. От Кяхты на истоки желтой реки. Путешествия. 1958-304 стр.

4. Х. Арғынбаев. Қазақ халқының қолөнері. Алматы. 1987-60 б.

5. Х.Аргынбаев, М.К. Кадырбаев. Новые материалы по археологии и этнографии Казахстана. Алма-Ата 1961 г. 12т. 113 стр.

6. С. Қасиманов. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1995-130 б.

7. Ш. Тоқтабаева. Қазақ халқының зергерлік әшекейлері. Өнер баспасы, 1995-10 б.

Қ.Ш. КЕМЕЛОВА

В.К. МЕРЦ

УДК 902/904

Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова

ИТОГИ И ПЕРСПЕКТИВЫ АРХЕОЛОГИЧЕСКОГО ИЗУЧЕНИЯ ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ

(К 20-летию Павлодарской археологической экспедиции)

Облыстың бас археологының бұл мақаласы Павлодар археологиялық экспедициясының 20 жылдық зерттеулерінің кейбір қорытындыларына арналып, аймақтың археологиялық зерттеулерінің келешегін ашып көрсетеді.

Extensive article of the main archeologist of area is devoted leading of some results of archaeological studying of edge for last 20 years that have passed from the moment of creation of the Pavlodar archaeological expedition, and also to prospects of the further studying of last region.

История изучения

История изучения археологических памятников Павлодарского Прииртышья уходит в XVIII в., когда в результате проведения академических экспедиций в Сибири были получены первые сведения общего характера о наличии в регионе древних погребальных сооружений (Миллер, 1937.- с. 524). Более системно их стали изучать во второй половине XIX - начале XX века (Радлов, 1896.-с.8; Коншин, 1902). В это время проводятся первые раскопки курганов и сборы подъёмного материала, которые продолжаются в послереволюционные годы (Драверт, 1930.-с.231-234; Маргулан, Агеева, 1948.-с.134; Матвеев,1999.-с.40-44).

И лишь в начале 50-х годов XX столетия начинается планомерное изучение и выявление археологических памятников Павлодарского Прииртышья, что было связано с началом освоения целинных земель. В это время научную общественность взволновало сообщение В. Лаврова о палеоантропологической находке в районе с. Лебяжьего костей «неандертальского человека» (Лавров, 1953), но посланная для проверки этого факта экспедиция под руководством Э. Р. Рыгдылона опровергла данное сообщение. «Проведенное обследование места находки показало, что кости происходят из погребения андроновской культуры с сосудом, украшенным елочным орнаментом…» (Черников, 1960.-с. 16).

В 2008 г. вероятно этот памятник вновь был обнаружен археологической экспедицией ПГУ, где были исследованы остатки еще одного андроновского погребения.

Вслед за этим огромную работу по изучению памятников археологии начал проводить Институт истории, археологии и этнографии им. Ч. Валиханова АН Казахской ССР (ИИАЭ), которым была организована Павлодарская археологическая экспедиция под руководством Е.И. Агеевой и А.Г. Максимовой. В результате проведенной работы, им удалось выявить и обследовать более 300 археологических памятников, на части которых проводились раскопки, ими же было сделано и первое историографическое исследование по памятникам археологии области (Агеева, Максимова, 1959, с. 36-37). Систематизация изученных материалов легла в основу периодизации и хронологии памятников прииртышской части области, где в основном и проводились раскопки погребальных сооружений кочевников раннего железного и средних веков. По остальным периодам были использованы лишь подъёмные материалы и случайные находки из фондов Областного историко-краеведческого музея, собранные его основателем и первым директором Д. П. Багаевым. Результаты их огромной работы отражены в «Отчете Павлодарской археологической экспедиции 1955 года» (Агеева, Максимова, 1959) и в фундаментальном труде казахстанских археологов «Археологическая карта Казахстана», выпущенном в 1960 году (АКК). В нем были обобщены основные результаты исследований археологических памятников Казахстана и собрана полная информация обо всех известных на тот момент памятниках на обширной территории республики, в том числе и в Павлодарской области.

Среди памятников Павлодарского Прииртышья уже тогда были обнаружены уникальные объекты, относящиеся к эпохе неолита. Это, прежде всего, материалы железинского неолитического могильника, которые, к сожалению, до сих пор не имеют отдельной публикации, и ряд других находок, остающихся до сих пор не изученными и не введенными в широкий научный оборот.

Вновь археологические памятники Павлодарского Прииртышья стали активно изучаться лишь на рубеже 50 - 60-е годов, в период подготовки трассы строительства канала «Иртыш-Караганда», когда отрядом ЦКАЭ ИИАЭ АН Казахской ССР, под руководством М.К. Кадырбаева, был исследован могильник эпохи бронзы Акмола и погребальные комплексы раннего железного века в урочищах Тасмола, Карамурун и Нурманбет, открывшие миру тасмолинскую археологическую культуру (Маргулан, Акишев, Кадырбаев, Оразбаев,

1966; Кадырбаев, 1969). На сей раз исследованиями были охвачены лишь памятники Левобережной части области, расположенные вдоль трассы канала. А в 1960-1961 гг. на правобережье другим отрядом экспедиции под руководством Ф.Х. Арслановой также исследовались погребальные комплексы ранних и средневековых кочевников, результаты которых были обобщены и дополнили периодизацию археологических памятников Прииртышья (Арсланова, 1962, 1968).

В 60-е годы открываются и первые палеолитические памятники. Были выявлены многочисленные стоянки-мастерские каменного века на берегу озер Кудайколь, Карасор и в долине р. Шидерты (Медоев, 1968; Аубекеров, Чалыхьян, 1974), М.Н. Клапчуком были открыты стоянки Ангренсор 1, 2 (Клапчук, 1969), геологом В.С Танцыревым - палеолитическое местонахождение Койтас 4 в одноименном урочище на юге области (Волошин, 2002). Этими открытиями было положено начало изучению палеолита и каменного века Северо-Восточного Казахстана в целом.

Таким образом, начало планомерных исследований археологических памятников Павлодарского Прииртышья было связано с крупными хозяйственными преобразованиями в области и носило охранный характер. Однако, в сельскохозяйственных районах, где шла интенсивная распашка курганов и могильников, выявленных в 50-е годы, эти памятники активно разрушались и в настоящее время многие из них уже полностью утрачены. Исследования памятников археологии Павлодарского Прииртышья, проведенные в 50-60-е годы, и появление ряда научных публикаций, освещающих результаты этих работ, способствовали развитию в области археологического краеведения и побудили к дальнейшему изучению древностей региона широкие слои павлодарской общественности, легендарная активность которой сейчас уже укладывается в ёмкое понятие «шестидесятники».

